2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың: 292, 293, 294, 295, 296, 297, 298, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 308, 309, 310, 311, 312, 313, 314, 315, 316, 317, 318, 319, 320, 321, 322, 323, 324, 325, 326, 327, 328, 329, 330, 331-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына
292-ҚОСЫМША

*Ескерту. 292-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.08. N* 369 *(2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1733022 мың теңге (бір миллиард жеті жүз отыз үш миллион жиырма екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің»"Қазақстан

Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 30 маусым N 905 ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының перспективалық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 824 қаулысы ;»Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1117 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1124 қаулысы ;»Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1125 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1327 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 899 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулық сақтау жүйесін дамытудың және оны жетілдірудің мемлекеттік саясатын қалыптастыруды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттегі денсаулық сақтаудың ахуалын толыққанды және уақтылы мониторинг жүргізу; халықты қауіпсіз, қол жетімді , сапалы медициналық көмекпен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығымен қамтамасыз ету; қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби білімдері мен дағдыларын жаңарту және тереңдету; салауатты өмір салтын насихаттау; бәсекелес ортаны дамыту, мемлекеттік медицинаны монополиясыздандыру; жедел және стратегиялық шешімдерді қабылдаудың сапасын жақсарту мақсатында ақпараттық шағын жүйелердің жұмысын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің материалдық-техникалық базасын нығайту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағдар лама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін функцияларды жүзеге асыру. Бәсекелес ортаны дамыту, мемлекеттік медицинаны монополиясыздандыру. Республикалық деңгейде салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шаралар өткізу. Денсаулық сақтау объектілерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиялауды жүргізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Медициналық қызмет көрсету саласында, дәрілік заттар айналымы және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы және көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласында бақылауды жүзеге асыру. Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды аттестаттау және оларға біліктілік санаттарын беру. Медициналық қызметті тәуелсіз сараптамадан өткізу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, оның ведомстволық және олардың аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілерінің денсаулық сақтау саласындағы басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша біліктілігін арттыру. Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның және оның ведомстволарының мамандарын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шетелде оқыту. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Денсаулық сақтау министрлігі |
| 5 | | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу | Бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес Медициналық қызмет көрсету саласындағы бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы бойынша басқармаларының ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 6 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық органдарын материалдық-техникалық жарақтандыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 7 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен оның аумақтық органдары үшін есептеуіш, ұйымдастыру және телекоммуникациялық техникасы құралдарын, лицензиялық бағдарламалық өнімдерін, шығын және жинақталым материалдарын сатып алу. Ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық өнімдер кешендерінің ілеспе және іске қосу жөніндегі қызметтерді төлеу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымдалған кабель тораптары мен серверлеріне әкімшілік ету жөніндегі қызметтерді төлеу. Есептеуіш, ұйымдастыру және телекоммуникациялық техника құралдарына техникалық қызмет көрсету және алдын алу қызметтерін төлеу. Телекоммуникациялық қызметтерді төлеу. Азия даму банкінің JFRP N 9052-REG "Орталық Азия елдері мен Монғолиядағы азық-түлік өнімдерін орнықты | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | фортификациялау" жобасы бойынша ақша қаражатын қалпына келтіру. | | Денсаулық сақтау министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыруды уақтылы және тиімді қамтамасыз ету; ел ішінде орта есеппен 35 қызметшінің біліктілігін арттыру; орта есеппен 38 қызметшіні ағылшын тіліне оқыту; орта есеппен 180 қызметшіні мемлекеттік тілге оқыту; орта есеппен 35 адамды, дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік органның қызметшілерін шетелде оқыту және денсаулық сақтау, медициналық қызмет көрсетуді бақылау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің орта есеппен 28 маманын шетелде оқыту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: республикалық бюджет қаражатын тиімді жұмсау. Бір қызметшіні ел ішінде біліктілігін арттыруға жұмсалатын орташа шығыстар - 22,1 мың теңге;
бір қызметшіні ағылшын тіліне оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар - 35,3 мың теңге;
бір қызметшіні мемлекеттік тілге оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар - 35,3 мың теңге;
дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік органның бір қызметшісінің шетелде біліктілігін арттыруға жұмсалатын орташа шығыстар - 2114,9 мың теңге; денсаулық сақтау, медициналық қызмет көрсетуді бақылау саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің бір қызметшісінің шетелде оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар - 1428,5 мың теңге.
Түпкі нәтиже: денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру және халықаралық стандарттарға сәйкес болуы.
Уақтылығы: жоспарланған іс-шаралардың белгіленген мерзімдерде орындалуы.
Сапасы: денсаулық сақтау жүйесін басқару деңгейін арттыру; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне және оның аумақтық органдарына жүктелген функциялардың сапалы және уақтылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
293-ҚОСЫМША

**226-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 230395 мың теңге (екі жүз отыз миллион үш жүз тоқсан бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 24, 35, 43-баптары ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 3 , 7 , 18, 48-баптары ; "Қазақстан Республикасындағы жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 6-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; " Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысы ; "Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 736 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 317 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулық сақтау саласын орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандармен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес орта медициналық және фармацевтикалық білімді мамандарды даярлауды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның ) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Орта кәсіптік білімді мамандар даярлау | Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес республикалық медициналық білім беру ұйымдарында орта кәсіптік білімді мамандарды даярлау.<br>Орташа жылдық контингент - 1023.<br>Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында - білім | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | алушыларды жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар тағайындау және төлеу тәртібі туралы ережеге сәйкес білім алушыларға мемлекеттік стипендия төлеу жолымен әлеуметтік қолдау. Білім алушы-стипендиаттардың жылдық орташа контингентіне - 767 мемлекеттік стипендия төлеу.<br><br>Орта оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитындардың жазғы және қысқы каникулдар, кезінде жылдың басында бітірмей тұрғанда - 723, бітіретіндерге - 300 оқушылардың контингентіне жолақысына ақшалай өтемақы төлеуге берілетін трансферттерді аудару арқылы азаматтардың жоғары кәсіптік білім алуы кезінде әлеуметтік қолдау. | | сақтау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқушыларды оқуға қабылдау - 450 адам, стипендиаттардың орташа жылдық контингентіне мемлекеттік стипендиялар төлеу - 767, стипендиямен қамтамасыз ету - білім алушылардың 75 пайызы. Түпкі нәтиже: денсаулық сақтау ұйымдарын орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандармен қамтамасыз ету. Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 1 білім алушыны даярлауға жұмсалатын орташа шығыс мөлшері - жылына 221488 теңге. Бір оқушының айлық стипендиясының мөлшері 5147 теңге. Қысқы және жазғы каникулдар кезінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға жол жүруге 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өтемақы төлеу. Уақтылығы: денсаулық сақтау саласының орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандарының күтілетін бітірушілер саны кемінде 300 адам. Сапасы: медицина колледжін үздік бітірген, орта кәсіптік білімді бітірушілердің күтілетін үлесі бітірушілердің жалпы санының 16 пайызы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
294-ҚОСЫМША

*Ескерту. 294-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**226 - Қазақстан Республикасы _ Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 6104409 мың теңге (алты миллиард бір жүз төрт миллион төрт жүз тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 3, 25, 26, 27, 43 және 44-баптары ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 7 , 48-бабы ; "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 6-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1134 қаулысы; "Мемлекеттік білім беру гранты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 қарашадағы N 1781 қаулысы , "Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысы ; "Ерекше мәртебесі бар оқу орындары жөніндегі типтік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 қарашадағы N 1398 қаулысы , "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Мемлекеттік атаулы стипендияларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 125 қаулысы ; "Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 736 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 317 қаулысы ; "Мемлекеттік органдардың азаматтарды әскери қызметке даярлауды ұйымдастыру

және қамтамасыз ету ережесі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы N 449 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулық сақтау саласын жоғары медициналық және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімді мамандармен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : денсаулық сақтау саласының білікті кадрларын даярлауды қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарының студенттерін медициналық мамандықтар бойынша запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлауды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның ) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау | | | |
| 2 | | 100 | Мемлекеттік білім беру гранты бойынша мамандар даярлау | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша студенттер мен интерндерді даярлау.<br>Оқу процесін ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық жағдай жасау.<br>С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің оқытушы-профессорлар құрамы мен басшы қызметкерлерінің белгіленген жалақыларын 1,75-ке көбейтетін коэффициентін төлеуге байланысты шығыстарды субсидиялау.<br>Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингенті 13184. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 3 | | 101 | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жоғары | Медициналық ЖОО-лардағы оқу жоспарына сәйкес запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттерді әскери | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | оқу органдарының әскери кафедраларының запастағы офицерлер даярлау | даярлауды жүзеге асыру. Запастағы офицерлердің орташа жылдық контингенті 1449. | | Денсаулық сақтау министрлігі |
| 4 | | 102 | Жоғары оқу орындарының студенттерін стипендиямен қамтамасыз ету | Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында білім алатын жекелеген санаттарға мемлекеттік стипендиялар тағайындау және төлеу тәртібі туралы ережеге және Қазақстан Республикасы Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесіне сәйкес студенттер мен интерндерге мемлекеттік стипендия төлеу арқылы оларды жоғары кәсіптік білім алуы кезінде әлеуметтік қолдау. Студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингентіне мемлекеттік стипендия төлеу 11 602. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 5 | | 103 | Ғылыми кадрлар даярлау | Ғылыми кадрлардың медицинаның өзекті мәселелері жөніндегі жеке ғылыми зерттеулерін әзірлеуі және оларды жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда докторлық, кандидаттық және магистрлік диссертациялар түрінде ресімдеу, ғылыми зерттеулердің әдіснамасын меңгеру, жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда тереңдетілген медициналық білім алу, ғылыми кадрларды даярлау процесін қамтамасыз ету. Орташа жылдық саны: докторанттар - 102, аспиранттар - 200, клиникалық ординаторлар - 195, магистранттар - 88. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 6 | | 104 | Ғылыми кадрларды стипендиямен қамтамасыз ету | Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында білім алатын жекелеген санаттарға мемлекеттік стипендиялар тағайындау және төлеу тәртібі туралы ережеге сәйкес мемлекеттік стипендия төлеу арқылы 102 докторанттың, 200 аспиранттың, 195 клиникалық ординатордың және 110 магистранттың орташа жылдық контингентін әлеуметтік қолдау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | сақтау министрлігі |
| 7 | | 105 | Мемлекеттік жоғары оқу орындарын күрделі жөндеу | Мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес С.Ж.Асфендияров атындағы ұлттық медицина университетіне, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына, Семей мемлекеттік медицина академиясына, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясына, Қазақ мемлекеттік медицина академиясына, Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтына, Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебіне ғимараттары мен құрылыстарын күрделі жөндеуге күрделі трансферттер аударуға күрделі трансферттер аудару арқылы оқытудың сапасын көтеру үшін жағдай жасау мақсатында мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындары ғимараттарының техникалық жағдайын жақсарту. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 8 | | 106 | Студенттердің жоғары оқу орындарында оқуды аяқтауы | 1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндерді мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес даярлау. Оқу процесі үшін материалдық-техникалық жағдай жасау.<br>1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингенті - 6. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 9 | | 107 | Жоғары оқу орындарында оқу аяқтайтын студенттерді стипендиямен қамтамасыз ету | Мемлекеттік медициналық білім беру ұйымдарында білім алатын жекелеген санаттарға мемлекеттік стипендиялар тағайындау және төлеу тәртібі туралы ережеге сәйкес 1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндерге мемлекеттік стипендия төлеу арқылы студенттер мен | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | интерндерді олардың жоғары кәсіптік білім алуы кезінде әлеуметтік қолдау. 1999 жылға дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орнына түскен студенттер мен интерндердің орташа жылдық контингентіне мемлекеттік стипендия төлеу - 5. | | сақтау министрлігі |
| 10 | | 108 | Кәсіптік жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып жатқандар арасынан жастардың жол жүруіне өтемақы төлеу | Жоғары оқу орындарына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитындардың жазғы және қысқы каникулдар кезінде жылдың басында бітірмей тұрғанда 11248, бітіретіндерге 1481 студенттердің контингентіне жолақысына ақшалай өтемақы төлеу үшін берілетін трансферттерді аудару арқылы азаматтарды жоғары кәсіптік білім алуы кезінде әлеуметтік қолдау. | 1, 2 тоқсан | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 11 | | 109 | Мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарының жанынан оқу-клиникалық орталықтар құру | С.Ж.Асфендияров атындағы ұлттық медицина университетінің , Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының, Семей мемлекеттік медицина академиясының, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының, Қазақ мемлекеттік медицина академиясының, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының жанынан оқу-клиникалық орталықтарын ашу және оларды қазіргі заманғы жабдықтармен (муляждар, фантомдар, тренажерлар) жарақтандыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: студенттерді мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау - 4000; медициналық жоғары оқу орындарының әскери кафедраларына запастағы офицерлерді қабылдау - 600; докторанттар - 33, аспиранттар - 63, клиникалық ординаторлар - 90, магистранттар - 70; 1-курс студенттерін стипендиямен қамтамасыз ету (жаңа қабылдау) - 100 пайыз, оқуды жалғастырушылар орта есеппен - 86 пайыз және интерндер - 90 пайыз; магистранттар, клиникалық ординаторлар, аспиранттар және докторанттар - 100

п а й ы з .
Түпкілікті нәтиже: денсаулық сақтау ұйымдарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын 1 білім алушыны даярлауға жұмсалатын орташа шығыс - жылына 261600 теңге; запастағы офицерді даярлауға - жылына 21752 теңге; докторантты даярлауға - жылына 60100 теңге; аспирантты даярлауға - жылына 122400 теңге, клиникалық ординаторды даярлауға - жылына 134100 теңге, магистрантты даярлауға - жылына 169400 теңге.
Айлық стипендия мөлшері: бір студент - 6434 теңге; бір интерн - 11652; Президенттік - 12868 теңге; атаулы - 9329 теңге; докторант - 29 359 теңге; аспирант - 23 000 теңге; клиникалық ординатор - 22 041 теңге және магистрант - 22 041 теңге. Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын 1 білім алушының қысқы және жазғы каникулдар кезінде жол жүруіне 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өтемақы төлеу.
Мемлекеттік жоғары медициналық білім беру ұйымдарын күрделі жөндеу.
Уақтылылығы: жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді денсаулық сақтау саласының білікті мамандарының күтілетін бітірушілер саны кемінде 1721 адам, запастағы офицерлер кемінде 597, ғылыми кадрлар мен жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар кемінде 233 адам, оның ішінде докторанттар кемінде 30, аспиранттар кемінде 63, клиникалық ординаторлар кемінде 90, магистранттар кемінде 4 4 .
Сапа: жоғары оқу орнын үздік бітірген жоғары кәсіптік білімді бітірушілердің күтілетін үлесі бітірушілердің жалпы санының 14,5 пайызы.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
295-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны:** 22 740 211 мың теңге (жиырма екі миллиард жеті жүз қырық миллион екі жүз он бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан

Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың кезек күттірмейтін шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың медициналық қызмет көрсетуге қол жетімдігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : денсаулық сақтау объектілерін салуды және қайта жаңартуды жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттерді қаржылық қолдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға берілетін нысаналы даму трансферттері | "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысына 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша және сомалар шегінде облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға нысаналы даму трансферттерін аудару<br>Денсаулық сақтау объектілерін салу және қайта жаңарту. | Қаңтар - желтоқсан<br>Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br>Облыстардың, Астана |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | қаласының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: пайдалануға берілген денсаулық сақтау объектілерінің саны.
Түпкі нәтиже: халықтың медициналық көмекке қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру.
Уақтылығы: қызметтерді берушілермен жасалған шарттарға сәйкес құрылысын салу және қайта жаңарту жөніндегі жұмыстардың көлемін орындау.
Сапасы: республикада нәрестенің (ананың) өлімін, туберкулезбен сырқаттанушылықты азайту, бастапқы медициналық-санитарлық көмекті жақсарту қамтамасыз етілетін болады.
* Ескертпе:
"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысына 3-қосымшаға сәйкес Инвестициялық жобалардың тізбесі, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес бекітілген іс-шаралар, трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
296-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2 250 666 мың теңге (екі миллиард екі жүз елу миллион алты жүз алпыс алты мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 қазандағы Заңы ; "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 7 , 19, 24-баптары ; "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулық

жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; " Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 126 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекеті жөніндегі 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1216 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : халықтың жұқпалы, паразиттік және кәсіби, соның ішінде аса қауіпті жұқпалы аурулары пайда болуының, таралуының алдын алу және азайту; шекараны жұқпалы және аса қауіпті аурулардың әкелінуі мен таралуынан қорғау; АҚТҚ инфекциясының алдын алу және оның таралу қарқынын бәсеңдету .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы | | | |
| 2 | | 100 | Эпидемиялардың алдын алу | Табиғи ошақтар мен басқа да эндемиялық өңірлерде індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын жүргізу. Індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын жүргізуге жіберілген медициналық және басқа да қызметкерлердің іссапар шығыстарына ақы төлеу. Алдын алу және індетке қарсы іс-шараларды жүргізу үшін дезинфекциялаушы құралдарды сатып алу және аса қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың ошақтарына жеткізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Құс тұмауына қарсы күрес жүргізуге арналған препараттарды сатып алу. | | Денсаулық сақта министрлігі |
| 3 | | 101 | Атырау, Арал теңізі, Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Шалқар тырысқаққа қарсы станциялары | Карантиндік және басқа да аса қауіпті жұқпалы ауруларды оқшаулау, таралуының алдын алу жөніндегі індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын жүргізу. Бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптама қорытындыларына сәйкес Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясында күрделі жөндеу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық, автокөлік сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақта министрлігінің Атырау, Арал тең Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда, Жамб Шалқар обаға қар күрес станцияларь |
| 4 | | 102 | Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы | Санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мекемелеріне ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету. Бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптаманың қорытындысына сәйкес Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станцияның ғимаратын күрделі жөндеу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық, автокөлік сатып алу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақта министрлігінің Республикалық санитарлық-эпидем логиялық станциясс |
| 5 | | 103 | Көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың өңірлік орталықтары | Эпидемиялық мәні бар объектілердің санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақта министрлігінің Оңтүстік-Шығыс өңірлік әуе көлігіндегі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдық, автокөлік сатып алу. | | санитарлық-эпидем логиялық сарапта орталығы; Темір жол көлігінд бас санитарлық-эпидем логиялық орталығ Оңтүстік Шығы өңірлік жол көлігіндегі санитарлық эпидемиологиялы сараптама орталы Батыс өңірлік тем жол көлігіндег санитарлық-эпидем логиялық сарапта орталығы; Солтүстік-Батыс ә көлігіндегі санитарлық-эпидем логиялық сарапта орталығы |
| 6 | | 104 | СПИД-тың алдын алу және оған қарсы күрес жүргізу жөніндегі республикалық орталық | АҚТҚ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық). Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы іс-қимыл жөніндегі 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламаның шеңберінде көзделген іс-шараларды іске асыру | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақта министрлігінің ЖҚТБ-ның алдын және оған қарс күрес жөніндег республикалық орталығы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру мен жүргізу үшін табиғи ошақтар мен басқа да эндемиялық өңірлерге кемінде 30 баруды жүзеге асыру, аса қауіпті жұқпалы аурулар ошақтарында індетке қарсы және алдын алу іс-шараларын өткізу, обаға қарсы күрес станцияларын аса қауіпті және басқа да жұқпалы аурулардың ошақтарында алдын алу және індетке қарсы іс-шараларды өткізуге арналған дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдықтардың, автокөліктің кемінде 925 бірлігін, соның ішінде обаға қарсы күрес станциялар үшін кемінде 676 бірлігін, Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық

станция үшін жабдықтың кемінде 38 бірлігін, көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары үшін кемінде 196 бірлігін, ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық үшін кемінде 15 бірлігін сатып алу, Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясын және Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясын күрделі жөндеуді жүргізу.
Түпкі нәтиже: тіршілік ету ортасының адамға зиянды әсер ету факторларын жоюға немесе азайтуға бағытталған індетке қарсы және алдын алу іс-шаралар кешенін аяқтау, жұқпалы, паразиттік аурулардың, жаппай уланулардың пайда болуын және таралуын болдырмау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: сатып алынатын дезинфекциялық препарат бірлігінің орташа құны 0,449 теңге, медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдықтар, автокөлік бірлігінің орташа құны 307,2 мың теңге.
Уақтылығы: бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес санитарлық - індетке қарсы ( алдын алу) іс-шараларын орындау; жабдықты жеткізуге жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: халықтың жұқпалы, паразиттік және кәсіби ауруларын азайту есебінен елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту; індеттік мәні бар көліктегі объектілердің санитарлық-гигиеналық жай-күйін жақсарту; халықтың АҚТҚ/ЖҚТБ туралы хабардар болу деңгейін арттыру.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына
297-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы _ Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның компоненттерін және препараттарын өндіру" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 525806 мың теңге (бес жүз жиырма бес миллион сегіз жүз алты мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік материалдық қор туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 12-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 18-бабы ; "Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңының 5 , 15-баптары ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 11-бабы ; Қазақстан

Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2003 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : сырқаттарды сапалы қанмен, оның компоненттерімен және препараттармен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикалық емдеу-алдын алу ұйымдарын, ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтарды қан препараттарымен (алмастырғыштармен) және оның компоненттерімен қамтамасыз ету, Республикалық қан орталығының республиканың аумағындағы төтенше жағдайлардағы жұмысқа дайындығы және жұмылдыру тапсырмасын орындау үшін жұмылдыру резервін ұстау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның компоненттерін және препараттарын өндіру | Қанды, оның компоненттерін дайындауға, тестілеуге, сақтауға; қанның сирек топтары мен препараттарын ұзақ мерзімді сақтауға, қан компоненттерін өңдеуге; қан препараттарын өндіруге; шығарылатын өнімнің номенклатурасын, көлемін кеңейту және оның сапасын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру жөніндегі арнайы іс-шараларды жүргізуге; қан плазмасын карантиндеуді жүргізуге, қанның лейкосүзгіленген компоненттерін шығаруға байланысты қызметтерге ақы төлеу. Қан өнімдерінің жұмылдырылған резервінің көлемін жаңарту және толықтыру жөніндегі арнайы іс-шараларды өткізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жобалау-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес Республикалық қан орталығына күрделі жөндеу жүргізуге және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес медициналық жабдықтарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, ұйымдастыру техникасын және санитарлық автокөлікті сатып алуға күрделі трансферттерді аудару. | | сақтау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: дайындалатын және өңделетін қанның болжамды орташа жылдық мөлшері 20500 литр; жобалау-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес Республикалық қан орталығын күрделі жөндеуді аяқтау; Республикалық қан орталығын жарақтандыру үшін медициналық жабдықтың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың, ұйымдастыру техникасының кемінде 155 бірлігін және 1 бірлік санитарлық автокөлік сатып алу.
Түпкі нәтиже: республикалық медициналық ұйымдарының қанға, оның компоненттері мен препараттарына қажеттілігін қамтамасыз ету, жұмылдыру резервін толықтыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 литр қанды қайта өңдеудің орташа құны - 15,9 мың теңге; бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптамаға сәйкес көлемде күрделі жөндеуді аяқтау; жабдықтың бір бірлігін сатып алу құны 917,4 мың теңге.
Уақтылығы: қан мен оның компоненттеріне қажеттіліктің туындауына орай оларды уақтылы жеткізу.
Сапасы: қабылданған нормативтерге сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
298-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Арнайы медицина резервін сақтау"
деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 16 271 мың теңге (он алты миллион екі жүз жетпіс бір мың теңге).
*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597

қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңының 28-бабы ; " Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 15-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің органдары мен мекемелерінің жұмылдыру дайындығын және жұмылдыруын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі денсаулық сақтау органдары мен мекемелерге республикалық масштабта әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Құрылатын мекемелер мен құрамаларды жинақтау үшін әскери міндеттілерді есепке алу мен брондауды ұйымдастыру. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтауының жұмылдыру резервін жинақтау, сақтау және мүліктерді ауыстыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның ) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Арнайы медицина резервін сақтау | Жұмылдыру резервінің мүліктерін сақтау, жинақтау, жаңарту және ауыстыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің» Республикалық арнайы медициналық қамтамасыз ету орталығы» мемлекеттік мекемесі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: жұмылдыру резервінің мүліктерін сақтау, жаңарту.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің жұмылдыру дайындығын көтеру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір қызметкерді ұстау орташа шығыс - 358,3 мың теңге.
Сапасы: арнайы медициналық қамтамасыз етудің жұмылдыру резервін 100 пайыз дайындығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1220 қаулысына
299-ҚОСЫМША
**226-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1731451 мың теңге (бір миллиард жеті жүз отыз бір миллион төрт жүз елу бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 22, 26-баптары ; " Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 7 , 47-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 988-35қ. қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : алдын алудың, емдеу мен диагностикалаудың жаңа технологияларын енгізу негізінде азаматтардың денсаулығын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : әлеуметтік елеулі аурулардың алдын алу, диагностикалау, емдеу мен оңалтуды жетілдіру, халықтың ауруының гигиеналық, эпидемиологиялық мониторингін, қадағалау мен алдын алуды жетілдіру, республикада денсаулық сақтау ісін басқару және ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша диагностикалық, емдеудің, оңалту, сауықтыру бағдарламаларының жаңа әдістерін, әзірлеу және сынау; бәсекеге қабілетті отандық жаңа препараттарды әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Медицина ғылымының 5 басым бағыты шеңберінде жаңа ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1. Денсаулық сақтау саласын басқару жүйесін жетілдіру негіздері; 2. Ана мен баланың денсаулығын сақтау саласында диагностикалық, емдік және алдын алу технологияларын әзірлеу және жетілдіру; 3. Әлеуметтік елеулі аурулардың алдын алу, емдеу және оңалтуды әзірлеу және жетілдіру; 4. Қазақстан Республикасының халқын гигиеналық, эпидемиологиялық мониторингі, жетілдірудің ғылыми негіздері; 5. Денсаулық сақтаудағы инновациялық технологияларды әзірлеу. Жүргізіліп жатқан мынадай 30 ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу: 1. "Психобелсенді заттарға тәуелділердің алдын алу, диагностикалау, емдеу, оңалту саласында кешенді зерттеу және Қазақстан Республикасында наркологиялық ахуалдың көп деңгейлі жүйелі мониторингі"; 2. "Демікпе, қосалқы жүрек кемістігі және "гормонды тәуелді " демікпе. Аурудың клиникалық ағымын үдемелі бақылау және жеке таңдалған кешенді емдеуді түзету"; 3. Солтүстік Қазақстан облысындағы онкологиялық аурушаңдық, қоршаған ортаның улы және канцерогенді заттармен ластануы және радиоэкологияның жай-күйі; 4. "Балалар офталпатологиясының (рефракцияның бұзылуы) негізгі нысандарынан аурушаңдықты және мүгедектікті төмендету жөніндегі ғылыми-негізделген ұсыныстар"; 5. "Диагностика мен емдеудің жаңа технологияларын әзірлеу арқылы жүрек-қан тамыры ауруларынан өлім-жітім мен аурушаңдықты төмендету"; 6. "Бастапқы | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | медициналық-санитарлық көмек деңгейінде халықтың денсаулығын нығайту бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу";<br>7. "Жүрек-қан тамыры хирургиясында диагностиканың, емдеудің, оңалтудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізу";<br>8. "Денсаулық сақтаудағы ақпараттық технологияларды дамытудың әдіснамалық негіздерін ғылыми негіздеу және әзірлеу";<br>9. "Медициналық көмектің сапасын басқару жүйесін жетілдіру";<br>10. "Жарақаттанудан, оның ішінде балалардың мүгедектігі мен өлім-жітімін төмендету жөніндегі ғылыми негізделген бағдарлама";<br>11. "Қоғамдық денсаулық сақтауда санитарлық-эпидемиологиялық қызметті ықпалдастырудың моделін ғылыми негіздеу";<br>12. "Туа біткен жүрек кемістігі бар балалардың мүгедектігі мен өлім-жітімін төмендету проблемасын шешудің ғылыми негізделген жолдары";<br>13. "Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында онкологиялық қызметті оңтайландыру және онкопатологиядан өлім-жітімді төмендету бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу";<br>14. "Хирургияда диагностикалаудың, емдеудің, оңалтудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізу";<br>15. "Ауруларды емдеуде гемопоэтикалық дің жасушаларын қолдануды эксперименттальды клиникалық негіздеу";<br>16. "Цереброваскулярлық аурулар құрылымында геморрагиялық және инсульттермен ауыратын | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | адамдарды емдеу және оңалту бойынша озық технологияларды диагностикалау және енгізу саласындағы ғылыми әзірлемелер";<br>17. "Андроурология саласында диагностиканың, емдеудің, оңалтудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізу";<br>18. "Санитарлық-эпидемиологиялық және кәсіби факторлардың халық денсаулығына әсерін бағалау моделінің әзірлемесімен олардың әсерін зерттеу";<br>19. "Ұрық клеткаларын қолдануды экспериментальды клиникалық негіздеу";<br>20. Жұқпалы аурулардың ағымы мен аяқталуын диагностикалау мен болжауда тиімділігі жоғары геномдық технологияларды әзірлеу және енгізу";<br>21. "Адамның карантиндік және зооноздық аурулары бойынша Қазақстан Республикасында биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ғылыми негіздері";<br>22. "АҚТҚ жұқпасын алғаш және екінші алдын алуды жетілдіру мақсатында жыныстық жолмен берілетін жұқпаларды диагностикалаудың, емдеудің және алдын алудың жаңа технологияларын әзірлеу";<br>23. "Бүйректі ауыстырып қондыруда диагностикалаудың, емдеудің және оңалтудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізу";<br>24. "Қазақстан халқының тамақтану статусы мен денсаулығын бағалау бойынша зерттеу";<br>25. "Балалардың психоневрологиялық аурулардан (балалардың сал аурулары, эпилепсия мүгедектігін төмендету бойынша бағдарламаны ғылыми негіздеу және әзірлеу";<br>26. "Нейрохирургияда | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | диагностикалаудың, емдеудің және оңалтудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізу"; 27. "Балалардың гемофилиясы проблемасы және оны шешу жолдары"; 28. "Әйелдер мен балаларға анте-, интра және постнаталды көмектің сапасын арттыратын кешенді шараларды ғылыми негіздеу және әзірлеу"; 29. "Эпидемиологиялық жағдайды зерделеу, ересек адамдардың депрессивтік бұзылуын диагностикалау мен емдеуді ұйымдастыру жөніндегі тиімді шараларды әзірлеу"; 30. "Эндокриндік ауруларды (зоб, сусамыр, созылмалы бүйрек үсті кемістігі) цитокинодиагностикасы мен цитокинотерапиясының ғылыми негіздерін әзірлеу". Бағдарламалардың жобаларын, ғылыми-техникалық бағдарламалардың нәтижелерін мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптауды орындау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. М.Айқымбаев атындағы Қазақ зооноздық және карантиндік жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын күзету жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.<br><br>Мыналарға күрделі трансферттер аудару:<br>- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде ғылыми ұйымдар үшін бірегей медициналық жабдықтар сатып алуға;<br>- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін тізбеге сәйкес ғылыми ұйымдарға медициналық жабдықтар, соның ішінде бірегей медициналық | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жабдықтар сатып алуға; - бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік ведомстволық емес сараптама қорытындысына сәйкес Акушерлік, гинекология және перинаталогия ғылыми орталығын және Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығын күрделі жөндеу жүргізуге. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: медицина ғылымының 5 басым бағыты мен жүргізіліп жатқан 30 бағдарламасы бойынша ағымдағы жылға арналған ғылыми-техникалық бағдарламаның негізгі міндеттері мен көрсеткіштеріне сәйкес іс-шаралар жоспарын орындау. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітіле отырып сатып алынатын жабдықтардың тізбесіне сәйкес ғылыми ұйымдар үшін кемінде 108 бірлік медициналық және медициналық емес жабдық сатып алу. Мемлекеттік ведомстволық емес сараптама қорытындысына сәйкес Акушерлік, гинекологиялық және перинаталогия ғылыми орталығына және Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығын күрделі жөндеу жүргізу.
Түпкі нәтиже: жаңа әдістер мен технологияларды әзірлеу және практикалық денсаулық сақтау саласына енгізу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір ғылыми-техникалық бағдарламаның орташа құны - 22 800 мың теңге. Сатып алынатын бір бірлік жабдықтың орташа құны - 6685,2 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: ғылыми зерттеулер нәтижелерінің республика халқының денсаулығына әсері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
300-ҚОСЫМША

*Ескерту. 300-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**226-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету"
деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 9203495 мың теңге (тоғыз миллиард екі жүз үш миллион төрт жүз тоқсан бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ұлы Отан соғысына қатысқандарды, мүгедектер мен оларға теңестірілген адамдарды әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 11-бабы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңының 21-бабы ; " Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 17-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 5 , 7 , 16, 17, 18, 24, 29, 53-баптары ; " Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпандағы N 326 қаулысы ; "Тегін медициналық көмектің көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылға 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы ; "Бюджет қаражатының есебінен ұсталатын медицина ұйымдарының шығындарын өтеу және денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсету ережелері мен мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асыратын ақылы қызметтерден түскен қаражатты пайдалану тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қазандағы N 965 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жоғары мамандандырылған және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету жолымен сырқаттардың денсаулықтарын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : азаматтарға республикада және шетелде жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету; психикалық аурулардан, алапестен зардап шегушілерге, сондай-ақ Отан соғысы мүгедектеріне арналған республикалық және орталық клиникалық госпитальдердің контингентіне, мамандандырылған медициналық көмек көрсету, амбулаториялық, емдік-диагностикалық және оңалту іс-шараларын орындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету | Диагностика мен емдеудің аса күрделі әдістерін, сондай-ақ бірегей медициналық технологияларды пайдалануды қажет ететін аурулар кезінде мынадай 16 бейін бойынша: хирургиялық, кардиохирургиялық, травматологиялық, урологиялық, нейрохирургиялық, гинекологиялық, офтальмологиялық, онкологиялық , радиологиялық, терапиялық, кардиологиялық, неврологиялық, тері-венерологиялық, наркологиялық және профпатологиялық, психиатриялық жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету.<br>Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету бойынша мынадай медициналық ұйымдар үшін: Онкология және радиология ҒЗИ, Көз аурулары ҒЗИ, Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығына, Травматология және ортопедия ҒЗИ, Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ҰО, А.Н.Сызғанов атындағы хирургия ҰҒО, Тері-венерология ҒЗИ, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ, Жарбосынов атындағы Урология ҒО, Ұлттық ғылыми медициналық орталыққа, Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығына, М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (емдік және | Жыл бойы<br><br>Жыл бойы | Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтын (бұдан әрі - ҒЗИ), Көз аурулары ҒЗИ , Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы ҒЗИ, Травматология және ортопедия ҒЗИ, Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар Ұлттық орталығы (бұдан әрі -ҰО , А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ҰО, Тері-венерология ҒЗИ, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ, Б.О.Жарбосынов атындағы Урология ҒО, Ұлттық ғылыми медициналық орталық, Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығы, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы, Медициналық жедел жәрдем ҒЗИ, Радиациялық медицина және экология ҒЗИ, Семей мемлекеттік медицина академиясы, Алматы қаласының N 7 қалалық клиникалық ауруханасы.<br><br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | диагностикалық) және медициналық емес жабдық, мамандандырылған автокөлік сатып алуға күрделі трансферттер аудару.<br>Республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін: бүйрек кемістігі бар сырқаттарға арналған дәрілік заттар, шығыс материалдары бар диализаторлар, бүйрегін ауыстырып қондырған науқастар үшін дәрілік заттарды; онкологиялық науқастарды емдеу үшін химиялық препараттарды сатып алу.<br>Бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптаманың қорытындысына сәйкес мынадай мемлекеттік кәсіпорындарға: Б.О.Жарбосынов атындағы Урология ҒО, Көз аурулары ҒЗИ, Ұлттық ғылыми медициналық орталық, Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Травматология және ортопедия ҒЗИ, Онкология және радиология ҒЗИ, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ, А.Н.Сызғанов атындағы Хирургия ҰҒО ғимараттары мен құрылыстарын күрделі жөндеу жүргізуге күрделі трансферттер аудару.<br>Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелдік медицина ұйымдарына емделуге жіберу жөніндегі комиссияның қорытындысы негізінде жіберілетін науқастардың емі мен жолақысын және бірге жүретін адамдарға ақы төлеу.<br>Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін шетелден мамандарды тарту жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.<br><br>Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету.<br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес Республикалық | Жыл бойы | Республикалық аллергология орталығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аллергология орталығына медициналық (емдік және диагностикалық), зертханалық жабдықтар, медициналық емес жабдықтар және автокөлік сатып алуға күрделі трансферттер аудару .<br>Мамандандырылған медициналық көмек көрсету. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық (емдік және диагностикалық), зертханалық жабдықтар, медициналық емес жабдықтар, мамандандырылған автокөлік сатып алу.<br>Бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға және мемлекеттік сараптаманың қорытындысына сәйкес Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпитальді күрделі жөндеуді аяқтау, Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталін және Қазақ республикалық лепрозорийін күрделі жөндеу жүргізу.<br>Туберкулезбен ауыратын сырқаттар үшін туберкулезге қарсы препараттарды, оның ішінде туберкулездің мультирезистентті нысанын емдеу үшін резервтік қатарын сатып алу.<br><br>М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының жанындағы кардиохирургиялық орталықты жарақтандыруға күрделі трансферттер аудару. | Жыл бойы<br><br>Жыл бойы<br><br>Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь, Республикалық жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық аурухана, Қазақ республикалық лепрозорий, Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпиталь.<br><br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпиталь, Қазақ республикалық лепрозорий, Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь.<br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жыл бойы | министр-лігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасының азаматтарына диагностика мен емдеудің күрделі әдістерін жүргізуді қажет ететін аурулар кезінде қазіргі заманғы медициналық технологияларды пайдалана отырып, жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету (жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету бойынша болжамды орташа жылдық емдеуге жатқызудың саны кемінде 34 143); белгілі бір контингентке мамандандырылған медициналық көмек көрсету (орташа жылдық болжаммен емдеуге жатқызу: Республикалық жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық ауруханаға - 927, Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпитальге - 1189, Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпитальге - 4200, Қазақ республикалық лепрозорийіне - 700). Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық кәсіпорындар мен Республикалық аллергология орталығы үшін кемінде 984 бірлік медициналық (емдік және диагностикалық), зертханалық, медициналық емес жабдықтар, мамандандырылған автокөлік сатып алу. Мемлекеттік мекемелер үшін кемінде 273 бірлік медициналық (емдік және диагностикалық), зертханалық және медициналық емес жабдықтар, мамандандырылған автокөлік сатып алу. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының жанындағы кардиохирургиялық орталықты жарақтандыру үшін кемінде 120 бірлік медициналық (емдік және диагностикалық), зертханалық, медициналық емес жабдықтар сатып алу.
Республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін: бүйрек кемістігі бар сырқаттар үшін дәрілік заттар, шығыс материалдары бар диализаторлар, бүйрегін ауыстырып қондырған сырқаттар үшін дәрілік заттарды (бүйрегін ауыстырып қондырған сырқаттардың болжамды саны - 30, бүйрек кемістігі бар сырқаттар - 90); онкологиялық сырқаттарды емдеу үшін химиялық препараттарды (сырқаттардың болжамды саны - 1450);
Республикалық жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық ауруханадағы туберкулезбен ауыратын сырқаттар үшін, туберкулезге қарсы препараттарды, оның ішінде туберкулездің мультирезистентті нысанын емдеу үшін резервтік қатарын сатып алу.
Астана қаласында медициналық кластер құру жөніндегі шараларды орындау.

Түпкі нәтиже: емделген сырқаттардың денсаулығының жақсаруы.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету жағдайында бір сырқатты емдеу үшін орташа шығыстар жылына 101,9 мың теңге; мемлекеттік мекемелерде - 68,4 мың теңгеден 574,9 мың теңгеге дейін; сырқатты шетелде емдеуге орташа шығыстар - 4 502,8 мың теңге; 1 сырқатқа және алып жүретін адамдардың жолына ақы төлеудің орташа шығыстары - 156,6 мың теңге; бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға және Мемлекеттік сараптаманың қорытындысына сәйкес көлемде күрделі жөндеу жүргізуді орындау.
Сатып алынатын бір бірлік жабдықтың орташа құны - 2512 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: негізделген шағымдардың болмауы; диагностика мен емдеудің мерзімдік медициналық-экономикалық хаттамаларына сәйкес емдік көмек көрсету.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
301-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Туберкулезбен ауыратындарға мамандандырылған және санаторий-сауықтыру медициналық көмек көрсету"
деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 957 228 мың теңге (тоғыз жүз елу жеті миллион екі жүз жиырма сегіз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңы; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 16, 17, 18 -баптары ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 11, 22-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында туберкулезден халықты қорғаудың кезек күттірмейтін шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4

қыркүйектегі N 839 қаулысы ; "Тегін медициналық көмектің көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулықты нығайту, халықтың жұқтыруларын азайту, сырқаттану көрсеткіштерін тұрақтандыру, туберкулез бойынша өлім-жітімді, мүгедектікті азайту, туберкулезбен ауыратын балалар мен ересектерді оңалту мен сауықтыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : туберкулезбен ауыратын науқастарға мамандандырылған жоғары білікті емдік-диагностикалық көмек көрсету. Туберкулезбен ауыратын науқастарға организмнің бұзылған функцияларын қалпына келтіруге көмектесетін емдеу-сауықтыру іс-шараларын жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іе-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Туберкулезбен ауыратындарға мамандандырылған және санаторий-сауықтыру медициналық көмек көрсету | Туберкулезбен ауыратын сырқаттарға мамандандырылған емдеу-диагностикалық көмек көрсету. Туберкулезбен ауыратын сырқаттарға санаторий-сауықтыру ( оңалту) медициналық көмегін көрсету. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес медициналық, диагностикалық, зертханалық, медициналық емес жабдық және арнайы автокөлік сатып алу. Туберкулезбен ауыратын сырқаттарға, оның ішінде қордан туберкулездің мультирезистентті нысанын емдеу үшін және диспансерлік (виражды, гиперсезімталды, жанаспалы) топтағы балаларға химиялық алдын алу жүргізу үшін туберкулезге қарсы препараттарды сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Туберкулез Проблемалары ұлттық орталығы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің " Бурабай" республикалық балалар-жас өспірімдер туберкулез санаторийі; "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийі .<br><br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жобалық-сметалық құжаттар мен Мемсараптама қорытындысына сәйкес " Бурабай" республикалық туберкулез санаторийіне, " Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийіне күрделі жөндеу жүргізу. | | министрлігінің " Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийі ; "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийі . |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: кем дегенде 5180 сырқатқа Қазақстан Республикасының туберкулез проблемалары ұлттық орталығының емдеу-диагностикалық көмегін көрсетуі және " Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийінің және " Бурабай" республикалық туберкулез санаторийінің санаторий-сауықтыру, (оңалту) көмегін көрсетуі, оларды туберкулезге қарсы және патогенетикалық препараттармен қамтамасыз ету (сырқаттардың болжамданған орташа жылдық саны - 1495). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес кем дегенде 54 бірлік медициналық, диагностикалық, зертханалық және медициналық емес жабдық және арнайы автокөлік сатып алу. "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийі" ММ, "Бурабай" республикалық балалар - жасөспірімдер туберкулез санаторийі" ММ күрделі жөндеу жүргізу.
Түпкі нәтиже: жоғары білікті медициналық көмек пен санаторийлік ем алған сырқаттардың арасында аурушаңдық, мүгедектік және өлім-жітім бойынша көрсеткіштерді жақсарту; жаңадан анықталған туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын сырқаттарды сауықтыру көрсеткішінің өсуі және туберкулезге қарсы күрес шеңберінде басқа адамдарға туберкулез микробактериясының тұрақты штамдарының берілу қауіпінің азаюы. Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір сырқатты емдеуге жұмсалатын туберкулезге қарсы препараттарды сатып алудың орташа шығыстары 27,7 мың теңге, бір бірлік жабдық сатып алудың орташа құны 455,1 мың теңге.
Уақтылығы: мамандандырылған стационарлық және оңалту медициналық көмегін уақтылы және сапалы көрсету.
Сапасы: негізделген шағым жоқ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
302-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ана мен баланы қорғау"

деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3314270 мың теңге (үш миллиард үш жүз он төрт миллион екі жүз жетпіс мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 25, 26-баптары ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 12, 13-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы ,«Азаматтардың дәрілік заттармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қазандағы N 962 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ана мен баланың денсаулығын нығайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : әйелдерге, балалар мен жасөспірімдерге, оның ішінде республика өңірлеріне мамандардың барып жоғары мамандандырылған, консультативтік-диагностикалық, ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсетуі; балаларға санаторийлық, оңалту, сауықтыру көмегін көрсету; ана мен баланың денсаулығын сақтау саласында диагностиканың, емдеу мен оңалтудың тиімді әдістерін әзірлеу және енгізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның ) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Ана мен баланы қорғау | Мынадай 3 бейін бойынша жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету: | Жыл бойы | Педиатрия және балалар хирургиясы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | педиатриялық, балалар хирургиясы, акушерлік-гинекологиялық. Балаларға және тікелей балаға күтім жасауды жүзеге асыратын ананың (әкенің) немесе өзге адамның болуы бойынша санаторийлік, оңалту және сауықтыру көмегін көрсету (" Алатау" балалар клиникалық санаторийінде 6 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда, Республикалық балаларды оңалту орталығында 11 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілетін Тізбеге сәйкес Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығына, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына, "Ақсай" республикалық балалар клиникалық ауруханасына, " Алатау" балалар клиникалық санаторийіне медициналық жабдықтар (емдеу және диагностикалық) мен медициналық емес жабдықтар, автокөліктер сатып алуға күрделі трансферттер аудару және жобалық-сметалық құжаттамалар мен мемлекеттік сараптаманың қорытындыларына сәйкес Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығының, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының, "Ақсай" республикалық балалар клиникалық ауруханасының, " Алатау" балалар клиникалық санаторийінің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізуге күрделі трансферттер аудару. Балалардың сал ауруымен ауыратын балаларға оңалту көмегін көрсету және тікелей сырқат балаға күтім жасауды жүзеге асыратын ананың (әкенің) немесе өзге адамның болуы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің | | ғылыми орталығы Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы "Ақсай " республикалық балалар клиникалық ауруханасы Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы "Алатау" балалар клиникалық санаторий<br><br>Республикалық балаларды оңалту орталығы<br><br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>"Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес медициналық (емдеу және диагностикалық) және медициналық емес жабдықтар сатып алу. Жиынтық шығыс материалдары бар диализаторлар мен иммундық - супрессивтік препараттарды сатып алу. Бүйрек қызметінің жетіспеушілігі бар науқастарды, сондай-ақ бүйрек ауыстырып салынған науқастарды иммундық-супресивтік препараттармен қамтамасыз ету. Жіті және созылмалы бүйрек қызметінің жетіспеушілігі бар науқастарға гемодиализ сеанстары мен иммундық-супрессивтік терапия жүргізу. Лейкемиямен ауыратын балаларға химиялық терапия жүргізу үшін дәрілік заттар сатып алу. | | орталығы<br><br>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>"Ақсай" республикалық балалар клиникалық ауруханасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: барынша күрделі ауруларды диагностикалау мен емдеуде лейкемиямен ауыратын

балаларды (болжамды орташа жылдық саны 170) және гемодиализ сеанстарын өткізуге мұқтаж балаларды (болжамды орташа жылдық саны 40) қоса алғанда, емдеуге жатқызудың болжамды орташа жылдық саны 11490, Қазақстан Республикасының әйелдері мен балаларына жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету; санаторийлік көмек көрсету (болжамды орташа жылдық саны 2530); БЦС ауыратын балаларға оңалту көмегін көрсету (болжамды орташа жылдық саны 540 және күтіп бағуды жүзеге асыратын 360 адамның болуы); іс-жүзіндегі денсаулық сақтауға диагностика мен емдеудің тиімді әдістерін енгізу. Кемінде 370 бірлік медициналық жабдықтар (емдеу және диагностикалық) мен медициналық емес жабдықтар, автокөліктер сатып алу. Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес "Алатау" балалар клиникалық санаторийіне, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына, "Ақсай" республикалық балалар клиникалық ауруханасына күрделі жөндеу жүргізу. Астана қаласының медициналық кластерін құру жөніндегі іс-шараларды орындау.
Түпкі нәтиже: жоғары мамандандырылған медициналық, санаторийлік және сауықтыру көмегін алатын ана мен баланың денсаулығын нығайту; созылмалы аурулар кезінде тұрақты оңалуға жету; күрделі аурулар кезіндегі асқынуларды төмендету; әйелдер мен балалардың арасындағы мүгедектікті төмендету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: ЖММК бойынша бір емделген жағдайға арналған орташа шығыстар - 136,9 мың теңге; санаторийлік көмек көрсету бойынша бір емделген жағдайға арналған орташа шығыстар - 47,0 мың теңгеден 243,0 мың теңгеге дейін; лейкемиямен ауыратын балаларға химиялық терапия жүргізуге бір емделген жағдайға арналған орташа шығыстар - 2 070,2 мың теңге; бүйрек қызметінің жетіспеушілігі бар науқастарды, сондай-ақ бүйрек ауыстырып салынған науқастарды иммундық-супрессивтік препараттармен қамтамасыз етуге арналған орташа шығыстар - 764,0 мың теңге; "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығы бойынша бір емделген жағдайға арналған орташа шығыстар - 93 мың теңге. Жабдықтарды сатып алуға орташа шығыстар - 1 849,0 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: негізделген шағым жоқ.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
303-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендияларын төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 211003 мың теңге (екі жүз он бір миллион үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы шеңберінде орта медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында білім алатын оқушыларды әлеуметтік қолдау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта медициналық кәсіптік оқу орындарында білім алатын оқушыларды стипендияларының мөлшерін нормативке дейін жеткізу арқылы қаржылық қолдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттердің стипендияларын төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер аудару. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта медициналық кәсіптік оқу орындарында білім алатын оқушылардың стипендияларының мөлшерін "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды | Ай сайын<br><br>Ай сайын | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормативке дейін жеткізу. | | әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта медициналық кәсіптік оқу орындарында білім алатын оқушыларды стипендияларының мөлшерін нормативке дейін жеткізу. Орташа жылдық стипендиаттардың контингенті - 6242, оның ішінде облыстар бойынша: Ақмола - 274, Ақтөбе - 362, Алматы - 187, Атырау - 259, Шығыс Қазақстан - 587, Жамбыл - 567, Батыс Қазақстан - 366, Қарағанды - 297, Қостанай - 276, Қызылорда - 431, Маңғыстау - 219, Павлодар - 329, Солтүстік Қазақстан - 160, Оңтүстік Қазақстан - 1097, Алматы қаласы бойынша - 309 және Астана қаласы бойынша - 522.
Түпкі нәтиже: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен орта медициналық кәсіптік оқу орындарында білім алушылар үлгерімінің сапа көрсеткішін көтеру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: орта кәсіптік оқу орны оқушысының стипендиясын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормативке - 5147 теңгеге жеткізуге 2817 сомасында айырманы төлеу.
Уақтылығы: оқушылардың ай сайын мемлекеттік стипендия алуын қамтамасыз ету.
Сапасы: оқушылардың үлгерімі республика бойынша орта есеппен алғанда 78 пайыз, оның ішінде облыстар бойынша:
Ақмола - 80 пайыз, Ақтөбе - 80 пайыз, Алматы - 68 пайыз, Атырау - 80 пайыз, Шығыс Қазақстан - 90 пайыз, Жамбыл - 80 пайыз, Батыс Қазақстан - 80 пайыз, Қарағанды - 79 пайыз, Қостанай - 65 пайыз, Қызылорда - 75 пайыз, Маңғыстау - 75 пайыз, Павлодар - 82 пайыз, Солтүстік Қазақстан - 75 пайыз, Оңтүстік Қазақстан - 84 пайыз, Алматы қаласы бойынша - 70 пайыз және Астана қаласы бойынша - 80 пайыз.
Ескерту:
*) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
304-ҚОСЫМША

226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау" деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1 147 275 мың теңге (бір миллиард бір жүз қырық жеті миллион екі жүз жетпіс бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 27, 44-баптары ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 29-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 18, 48, 51-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының сот-сараптама жүйесін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 119 қаулысы , "Қазақстан Республикасында кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 ақпандағы N 102 қаулысы .

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика кадрларының кәсіби деңгейін арттыру, олардың кәсіби білімдері мен дағдыларын практикалық денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес тереңдету; саланы аса тапшы мамандықтар бойынша және жаңа технологияларды, емдеу мен диагностиканың әдістерін енгізе отырып, жоғары білікті көмек көрсету үшін білікті мамандармен қамтамасыз ету. Халықаралық стандарттарды фармацевтика саласына енгізу, оның ішінде дәрілік заттарды

сараптауды жүзеге асыратын зертханаларды халықаралық стандарттарға сәйкестігіне аккредиттеу мақсатында фармация саласында қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның ) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау | Саланың қажеттілігіне сәйкес мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары мен ведомстволық медициналық-санитарлық қызмет қызметкерлерінің емдік, педиатриялық, стоматологиялық, фармацевтикалық, медициналық-биологиялық, медициналық алдын алу, мейірбикелік бейіндер бойынша, денсаулық сақтау жүйесі менеджерлерінің, медициналық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамының, ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. Аса тапшы мамандықтар бойынша медицина кадрларын даярлау, дәрілік заттардың сапа менеджментінің жүйелерін жасау саласындағы мемлекеттік фармацевтикалық сектордың мамандарын және сертификаттау саласындағы мемлекеттік фармацевтикалық сектор мамандарын шетелде даярлау. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау үшін жоғары білікті шетел мамандарын тарту. Сот-сараптама жүйесін реформалау тұжырымдамасының шеңберінде алыс және жақын | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шетелдерде сот-сараптама жүйесі мамандарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. Мамандарды оқыту мерзімі 2 аптадан 10 айға дейін. | | сақтау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының орта есеппен 14 836 маманының біліктілігін арттыру және қайта даярлау, медицина және фармацевтика кадрларының ел ішінде біліктілігін арттыру мақсатында 10 шетел маманын тарту.
Түпкі нәтиже: денсаулық сақтау саласын жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандармен қамтамасыз ету; 5 жыл ішінде мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының барлық мамандарының біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 маманның ел ішінде біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға жұмсалатын орташа шығыс 22,1 мың теңге және шетелде - 3 244,5 мың теңге.
Уақтылығы: Бюджеттік бағдарламаны іске асырудың мерзімдеріне сәйкес (конкурстық рәсімдерге және шарттарға сәйкес).
Сапасы: оқыту нәтижесінде алған кәсіби білімдері мен дағдыларын мамандардың сапалы медициналық көмек көрсету үшін пайдалануы.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
305-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Алматы облысының облыстық бюджетіне мемлекеттік тұрғын үй қорын толықтыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 305-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
306-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 11 190 054 мың теңге (он бір миллиард бір жүз тоқсан миллион елу төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халыққа мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек бағыттарының қол жетімділігін қамтамасыз ету, медициналық қызметтердің сапасы мен мүмкіндіктерін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету бойынша халық үшін жағдай жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес сомалар шегінде бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласында жедел жәрдем | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | станциясы бар 240 төсектік Жедел медициналық жәрдем ғылыми-зерттеу институтын (бұдан әрі - ҒЗИ), Астана қаласында 300 төсектік Республикалық балаларды оңалту орталығын, Астана қаласында 160 төсектік Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығын, Астана қаласында ауысымына 500 адам қабылдайтын Республикалық диагностикалық орталығын, Алматы қаласында "Педиатрия және балалар хирургиясы" РМҚК жанында 150 төсектік емдеу корпусын салу, Астана қаласында Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтының қабылдау бөлімшесі бар 4 қабатты операция блогының жапсарлас құрылысы, Алматы қаласында Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институтын кеңейту және қайта жаңарту жобаларының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және мемлекеттік ведомствоаралық сараптамадан өткізу; Астана қаласында 180 төсектік кардиохирургиялық орталықтың, Астана қаласында сот медицинасы орталығы Ақмола филиалының, Павлодар қаласында 50 төсектік Павлодар өңірлік кардиохирургиялық орталығының, Алматы қаласында 100 төсектік кардиохирургиялық орталығының типтік ғимаратының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және мемлекеттік ведомствоаралық сараптамадан өткізу және | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бастау бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру; Астана қаласының сол жақ жағалауында (медициналық кластер үшін) "Жаңа" КС-дан РПК-88 аралығында кәбіл желісін салу; Астана қаласында "РПК-88" трансформаторлық кіші станциядан жедел көмек станциясы бар 240 төсектік жедел медициналық көмек станциясы ҒЗИ объектісіне дейін сыртқы электр желілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасын жүргізу және салу; Алматы қаласында 125 төсектік»"Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығының демалыс корпусын салудың жобалау-сметалық құжаттамасын түзету және мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасын жүргізу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Астана қаласында жедел жәрдем станциясы бар 240 төсектік Жедел медициналық жәрдем ҒЗИ, Астана қаласында 300 төсектік Республикалық балаларды оңалту орталығын, Астана қаласында 160 төсектік Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығын, Астана қаласында ауысымына 500 адам қабылдайтын Республикалық диагностикалық орталықтың, Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығын

пайдалануға беру; Алматы қаласында Қазақ көз аурулары ҒЗИ кеңейту және қайта жаңарту жобасы бойынша мемлекеттік ведомствоаралық сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамасы және бекіту; бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласында Травматология және ортопедия ҒЗИ қабылдау бөлімшесі бар 4 қабатты операция блогын жапсарлас құрылысының, Алматы қаласында»"Педиатрия және балалар хирургиясы" РМҚК жанынан 150 төсектік емдеу корпусының, Астана қаласында 180 төсектік Кардиохирургиялық орталықтың, Астана қаласында Сот медицинасы орталығының Ақмола филиалының, Павлодар қаласында 50 төсектік Павлодар өңірлік кардиохирургиялық орталығының типтік ғимаратының, Алматы қаласындағы 100 төсектік кардиохирургия орталығының, Астана қаласындағы Есіл өзенінің сол жақ жағалауында "Жаңа" КС-дан РПК-88 дейін кабельдік желілерінің, Астана қаласында»"РПК-88" трансформаторлық кіші станциядан жедел көмек станциясы бар 240 төсектік жедел медициналық көмек станциясы ҒЗИ объектісіне дейін сыртқы электр желілерінің құрылысы бойынша жұмыстардың көлемін орындау. Алматы қаласында 125 төсектік»"Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығының демалыс корпусин салудың түзетілген және қайта мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамасы.
Түпкі нәтиже: қол жетімділікті қамтамасыз ету және медициналық көмектің жекелеген түрлерін көрсетудің сапасын арттыру үшін денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру.
Уақтылығы: қызметтерді жеткізушілермен жасалған шарттарға сәйкес құрылыс бойынша жұмыстардың көлемін орындау.
Сапасы: ҚР ҚНЕ-ге сәйкес денсаулық сақтау объектілерін салу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
307-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Сот-медицина сараптамасы"
деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1356578 мың теңге (бір миллиард үш жүз елу алты миллион бес жүз жетпіс сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы Заңы ; "Денсаулық

сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңы ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарғысы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : қылмыстық, азаматтық іс жүргізу заңнамасымен, соттың уәждемеленген анықтамасымен қарастырылған қылмыстық, әкімшілік немесе азаматтық процестердің қатысушылары болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : сот-медициналық сараптамалар жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның ) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Сот-медицина сараптамасы | Сот-медициналық сараптамасының өндірісі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдықтарды сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицинасы орталығы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Жылына орта есеппен 220 мың сот-медициналық сараптама өндірісі. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес медициналық (диагностикалық және зертханалық) және медициналық емес жабдықтардың кемінде 245 бірлігін сатып алу.

Түпкі нәтиже: қолданыстағы заңнамаға сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін Сот медицинасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелерінің сот-медициналық сараптамасын жүргізу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір зерттеуді өндіруге жұмсалатын орташа шығын - 4,6 мың теңге; жабдық бірлігін сатып алуға жұмсалатын орташа шығын - 1353,5 мың теңге.
Уақтылығы: сот-медициналық сараптаманы тағайындайтын орган белгілейтін мерзімдерге сәйкес.
Сапасы: жүргізілетін сот-медициналық сараптамалардың сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
308-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Денсаулық сақтау саласында тарихи мұра құндылықтарын сақтау" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 8609 мың теңге (сегіз миллион алты жүз тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : отандық медицина саласында тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мәдени-ағарту жұмыстарын жүзеге асыру мүдделі адамдардың отандық медицина саласындағы тарихи-мәдени құндылықтарды зерделеуге қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Денсаулық сақтау саласында тарихи мұра құндылықтарын сақтау | Бірегей жәдігерлерді мұрағат құжаттарын, көркем қорды сақтау және жаңарту. Жәдігерлерді есепке алуды, ғылыми өңдеуді және сақтауды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасында | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | медицина мен денсаулық сақтаудың даму тарихы жөнінде экскурсиялар, лекциялар мен іс-шаралар өткізу. Мұражай жинағы негізінде құжаттау. Ақпараттық-библиографикалық және консультациялық көмекті жүзеге асыру. Көрме қызметі Мұражай қорын толықтыру. Негізгі құралдарды сатып алу. | | сақтау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: мәдени-ағарту жұмысы, бірегей жәдігерлерді, мұрағат құжаттарын, көркем қорды жаңарту. Кемінде 4 бірлік есептеуіш және көбейту техникасын сатып алу .

Түпкі нәтиже: бірегей құндылықтардың 100 пайызға сақталуын, оларға республика азаматтарының қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір жәдігер мен әдебиетті ұстауға жұмсалатын орташа шығыс - 2 106 теңге.

Уақтылығы: мерзімдер мен жоспарға сәйкес іс-шараларды орындау.

Сапасы: келушілердің санын көбейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
309-ҚОСЫМША

*Ескерту. 309-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін құру" деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 551608 мың теңге (бес жүз елу бір миллион алты жүз сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында "электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының

денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында "электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1286 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы халқының сапалы медициналық көмек алуда тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын жетілдіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : денсаулық сақтауды ақпараттандыру стандарттарын әзірлеу; ақпаратты жинаудың, сақтау мен талдаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыруды, басқару шешімдерін қабылдау мен медициналық көмек көрсетудің сапасын басқару процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің ақпараттық жүйелерін-компоненттерін дамыту және тәжірибелік пайдалануға енгізу, денсаулық сақтау ресурстарын тиімді пайдалану, ақпаратты берудің желілерін ұтымды ету және мерзімдерін қысқарту, ақпаратқа жедел қол жеткізуді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | Денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін құру | Бағдарламалық қамтамасыз етудің қызметін кеңейту және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру шеңберінде ақпараттық жүйелерді пилоттық пайдалануға енгізу.<br>Бағдарламалық кешендерді әзірлеу және оларды денсаулық сақтауды ақпараттандырудың басым міндеттерін шешу үшін енгізу.<br>Техникалық құралдарды сатып алу.<br>Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. | Қаңтар - желтоқсан<br>Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Серверлік жабдықтарды, жергілікті есептеуіш желілердің монтажы, бағдарламалық қамтамасыз етуді инсталляциялау. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі әкімшілерін оқыту. | Қаңтар - желтоқсан Мамыр-желтоқсан Мамыр-желтоқсан Наурыз-желтоқсан | сақтау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Қазақстан Республикасы халқының тең қол жетімді сапалы медициналық көмек алуы; ақпаратқа жедел қол жеткізу, денсаулық сақтау ресурстарын тиімді пайдалану.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 310-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы _ Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттың жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз ету" деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 7325 мың теңге (жеті миллион үш жүз жиырма бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 7-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулық сақтау саласындағы ақпаратқа қол жеткізу кеңейту арқылы халықтың зияткерлік деңгейін көтеру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : кітапхана қорын сақтау және толықтыру кітапханалық және халыққа ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | Денсаулық сақтау саласындағы | Кітап қорын медицинаның барлық саласы бойынша | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ақпараттың жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз ету | отандық және шетелдік әдебиетпен толықтыру. Кітап қорын есепке алуды, сақталуын қамтамасыз ету. Республиканың медициналық кітапхана қызметін үйлестіру, әдістемелік және консультациялық көмек көрсету бойынша оларға баруды ұйымдастыру. Кітап көрмелерін ұйымдастыру. Қалалық абонемент пен оқу залы арқылы денсаулық сақтау ұйымдары мамандарын кітапханамен қызмет көрсету. Есептеуіш техниканы сатып алу. | | Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық ғылыми-медициналық кітапханасы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: кітап қорын 1 500 данаға толықтыру. Берілген кітаптарды 45 000 данаға дейін көбейту. Жыл ішінде 65 көрме ұйымдастыру. Астана қаласының медициналық кітапханасына консультациялық көмек көрсету. Кемінде 4 бірлік есептеуіш техниканы сатып алу.
Түпкі нәтиже: денсаулық сақтау саласындағы мамандардың білім деңгейлерін көтеру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: кітап қоры бірлігін ұстауға және қол жетімділігін қамтамасыз етуге жұмсалатын орташа шығыс - 27 теңге.
Сапасы: денсаулық сақтау саласындағы ғалымдардың оқытушылардың және мамандардың рухани, зияткерлік және білім қажеттілігін қанағаттандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220қаулысына
311-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитындар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 34038 мың теңге (отыз төрт миллион отыз сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының

2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 6-бабы ; "Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 736 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орта кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алатын оқушыларды әлеуметтік қолдау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта кәсіптік оқу орындарында білім алушылардың жол жүру өтемақысын төлеу үшін облыстардың және Астана, Алматы қалаларының бюджеттерін қаржылық қолдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитындар үшін жол жүруге өтемақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер аудару.<br>Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта медициналық кәсіптік оқу орындарында білім алушылар үшін қысқы және жазғы каникулдар кезінде жол жүруге ақшалай өтемақы төлеуге арналған шығыстарды төлеуді қамтамасыз ету. | 1, 2-тоқсан<br>1, 2-тоқсан | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br>Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта медициналық кәсіптік оқу орындарында білім алушылар үшін жол жүруге ақшалай өтемақы төлеуге арналған шығыстарды төлеуге байланысты шығыстарды жабу, контингентке бітірмей тұрғанда және бітірушілерге жыл басында тиесілі облыстар бойынша: Ақмола - 280 және 113; Ақтөбе - 372 және 146; Алматы - 219 және 100; Атырау - 268 және 100; Шығыс Қазақстан - 558 және 175; Жамбыл - 645 және 116; Батыс Қазақстан - 390 және 122; Қарағанды - 278 және 184; Қостанай - 343 және 150; Қызылорда - 477 және 181;

Маңғыстау - 236 және 100; Павлодар - 355 және 80; Солтүстік Қазақстан - 165 және 84; Оңтүстік Қазақстан - 1062 және 475; Алматы қаласы бойынша - 370 және 130 және Астана қаласы бойынша - 585 және 123.
Түпкі нәтиже: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта медициналық кәсіптік оқу орындарында оқу кезінде білім алушыларды әлеуметтік қолдау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: жол жүруге арналған өтемақының мөлшері - 2 айлық есептік көрсеткіш.
Уақтылығы: жол жүруге арналған шығыстарды 1, 2-тоқсанда жабу.
Сапасы: білім алушылардың жол жүруіне арналған шығыстарды жабу.
Ескерту:
*) Іске асыру жөніндегі тізбе, республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
312-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне созылмалы ауруларды амбулаториялық емдеу кезінде диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 022 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1 020 274 мың теңге (бір миллиард жиырма миллион екі жүз жетпіс төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 7-бабы ; " Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 13-бабы ;
Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан

Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы ; "Азаматтардың дәрілік заттармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қазандағы N 962 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : аурулардың жекелеген түрлері бойынша амбулаториялық емдеудегі диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді уақытында тегін дәрілік қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 022 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне созылмалы ауруларды амбулаториялық емдеу кезінде диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер аудару. Диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді созылмалы ауруларын (темір тапшылығы анемиясы, асқазан-ішек трактісі аурулары ( асқазан және ұлтабар ойық жарасы және гастрит, дуоденит), пневмония, созылмалы бронхит, бронх демікпесі) амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік қамтамасыз етуді қамтамасыз ету. | Жыл бойы<br>Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: бекітілген тізбеге сәйкес (орташа жылдық саны 215 630) амбулаториялық емдеудегі диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді уақытында тегін дәрілік қамтамасыз ету.
Түпкі нәтиже: диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдердің аурушаңдығы мен мүгедектігінің көрсеткішін төмендету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: диспансерлік есепте тұрған бір бала мен жасөспірімді амбулаториялық емдеуде кезінде дәрілік қамтамасыз етуге орташа шығыстар - 4 732 теңге.
Уақтылығы: аурулардың жекелеген түрлері бойынша амбулаториялық емдеудегі диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді уақытында тегін дәрілік қамтамасыз ету.
Сапасы: негіздемелеген шағымдардың жоқтығы.
Ескерту:
*) Республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру, сандық және сапалық көрсеткіштер жөніндегі іс-шаралардың тізбесі жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті паспортында көрсетіледі.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
313-ҚОСЫМША

*Ескерту. 313-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Ауылдық (селолық) жерлердегі денсаулық сақтауда ұтқыр және телемедицинаны дамыту"
деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 518050 мың теңге (бес жүз он сегіз миллион елу мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауылдық медициналық мекемелердің диагностикалық және емдеу мүмкіндіктерін жақсарту, Қазақстанның ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызметке қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстанның барлық облыстарының перспективалық және орнықты аудандарының орталық аудандық ауруханаларының базасында телемедицина кабинеттерін құру, телемедициналық консультациялар ұйымдастыру үшін облыстық деңгейдегі ауруханалар базасында телемедицина орталықтарын ашу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 023 | | Ауылдық (селолық) жерлердегі денсаулық сақтауда ұтқыр және телемедицинаны дамыту | "Ұтқыр және телемедицинаны дамыту" жобасын бекітілген техникалық- экономикалық негіздемеге сәйкес мынадай іс-шаралар шеңберінде ауылдық (селолық) жерлерде іске асыру: телемедициналық, телекоммуникациялық, компьютерлік және басқа да жабдықтарды сатып алу, инсталляциялау, телемедицинаны бағдарламалық қамтамасыз етуді инсталляциялау, телемедицинаның клиникалық және техникалық аспектілерін, телемедицинаның бағдарламалық кешенімен жұмыс істеуге оқыту, Оңтүстік Қазақстан облысының 6 ауданы, Батыс Қазақстан облысының 8 ауданы және Шығыс Қазақстан облысының 8 ауданы үшін, сондай-ақ Шымкент, Орал және Өскемен қалаларындағы облыстық деңгейдегі ауруханалар үшін телемедициналық консультациялар өткізу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының перспективалық және орнықты 22 ауданының базасында телемедицина кабинеттерін және Шымкент, Орал және Өскемен қалаларындағы облыстық деңгейдегі ауруханаларының базасында 3 телемедициналық орталық құру; телемедицина кабинеттері мен телемедициналық орталықтардың қызметкерлер

құрамын телемедициналық жабдықтармен, телемедицинаны бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеуге оқыту, қызмет көрсететін техникалық қызметкерлер құрамын оқыту;
нақты уақыт режимінде және "off-line" режимінде телемедициналық консультациялар өткізу.
Түпкі нәтиже: Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының ауыл халқын диагностикалауды жақсарту, медициналық қамтамасыз етуді жетілдіру; жаңа технологияларды енгізу; медициналық білім беруді жетілдіру.
Уақтылығы: іс-шараларды жасалған шарттарға сәйкес толық көлемде орындау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір телемедицина торабын құрудың орташа құны 21 134,2 мың теңге.
Сапасы: ауыл халқына медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
314-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдікті жағдайларда дәрілік заттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 024 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1580657 мың теңге (бір миллиард бес жүз сексен миллион алты жүз елу жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңы ; " Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 9 , 11 және 23-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы ; " Азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қазандағы N 962 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : азаматтардың жекелеген санаттарының амбулаториялық емдеу деңгейінде денсаулығын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : аурулардың жекелеген түрлері бойынша диспансерлік есепте тұрған ауруларды амбулаториялық емдеу кезінде жеңілдікті шарттарымен уақтылы дәрілік заттармен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 024 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдікті жағдайларда дәрілік заттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы трансферттер аудару.<br>Жекелеген нозологиялық нысандардан (артериалды гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, ойық жара ауруы және өкпенің жіті қабыну) зардап шегетін ересек адамдарды жеңілдікті шарттармен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br>Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: артериалды гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, ойық жара ауруы және өкпенің жіті қабыну ауруларымен диспансерлік есепте тұрған ауруларды амбулаториялық емдеу кезінде жеңілдікті шарттармен уақтылы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (аурулардың болжамды саны - 348 085).

Түпкі нәтиже: дерттен жазылу, ремиссияны ұзарту, асқыну санын төмендету, ауруханаға жатқызу санын азайту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 ауруды емдеуге жылына орташа есеппен жұмсалатын шығыстар - 4,541 мың теңгені құрайды.
Сапасы: негізделген шағымдардың болмауы.
Ескерту:
*) Республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың тізбесі, сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
314-1-ҚОСЫМША

*Ескерту. 314-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Республикалық балаларды оңалту орталығы" РМК-ның жарғылық капиталын қалыптастыру"
деген 025 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 10920 мың теңге (он миллион тоғыз жүз жиырма мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджет қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : "Республикалық балаларды оңалту орталығы" РМК-ның жарғылық капиталын құру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастыру.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| р/с N | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | Бағдар- лама- ның коды | Кіші бағдар- ламаның коды | Бағдарла- манның ( кіші бағдарла- манның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау- шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 025 | | "Республи- калық балаларды оңалту орталығы" РМК-нің жарғылық капиталын қалыптас- тыру | "Республикалық балаларды оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын қалыптастыру. | шілде- қыркүйек | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министр- лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: "Республикалық балаларды оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын қалыптастыру.

Түпкілікті нәтиже: "Республикалық балаларды оңалту орталығы" РМК құру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: 10 мың есе айлық есептік көрсеткіші мөлшеріндегі ең аз жарғылық капитал.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
314-2-ҚОСЫМША

*Ескерту. 314-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен.*

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту"
деген 026 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 191 138 мың теңге (бір жүз тоқсан бір миллион бір жүз отыз сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджет қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулық сақтау саласының ұзақ мерзімді стратегиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, халық денсаулығын сақтау мен жақсартуға бағытталған кәсіптік білім беру мен медицина ғылымының қолданыстағы

жүйесін тиімді құру үшін медицина кадрларын даярлаудың сапасын арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : денсаулық сақтау саласының мамандарын даярлау үшін жағдайларды жақсарту үшін білім беру объектілерін салу мен қайта жаңарту арқылы инфрақұрылымды қалыптастыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| р/с N | Бағ- дар-лама-ның коды | Кіші бағ - дар-лама-ның коды | Бғадар-ламаның (кіші бағдар-ламаның атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау- шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 026 | | Білім беру объекті- лерін салу және қайта жаңарту | "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысына 3-қосымшаға сәйкес сома шегінде Астана қаласының Бейбітшілік көшесіндегі Қазақ мемлекеттік медицина академиясын кеңейту және қайта жаңарту жөніндегі іс-шараларға арналған бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру | шілде-желтоқ- сан | Қазақстан Республи-касы Денсаулық сақтау министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласының Бейбітшілік көшесіндегі Қазақ мемлекеттік медицина академиясын кеңейту және қайта жаңарту.

Түпкілікті нәтиже: Астана қаласының Бейбітшілік көшесіндегі Қазақ мемлекеттік медицина академиясын кеңейту мен қайта жаңартуды аяқтау.

Уақтылылығы: қызмет көрсетушілермен жасалған шартқа сәйкес кеңейту және объектілерін қайта жаңарту жұмыстарының көлемін орындау.

Сапасы: Астана қаласының Бейбітшілік көшесіндегі Қазақ мемлекеттік медицина академиясын ҚР ҚНЕ-ге сәйкес кеңейту және қайта жаңарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына
315-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 027 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 713722 мың теңге (жеті жүз он үш миллион жеті жүз жиырма екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті деңгейде медициналық көмекке қол жетімдігі.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерінде медициналық көмек көрсету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 027 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстардың бюджеттеріне, Астана қаласының бюджетіне нысаналы ағымдағы трансферттер аудару: Денсаулық сақтау объектілерінің уақтылы іске қосылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Облыстарының және Астана қаласының әкімдіктері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 15 объектіні пайдалануға беру және жұмыс істеуі, оның ішінде облыстар бойынша:
Ақмола облысы - Көкшетау қаласындағы Қ.Құрманбаев атындағы облыстық туберкулез диспансерінің 70 төсектік балалар бөлімшесінің корпусы;
Ақтөбе облысы - Байғанин ауданының Байғанин ауылында ауысымда 200 адам қабылдайтын емханасы бар 60 төсектік Байғанин аудандық орталық ауруханасы және Шалқар ауданының Шалқар қаласында балалар және әйелдер консультациясы, 30 төсектік күндізгі стационары мен балалар сүтханасы бар ауысымда 250 адам қабылдайтын аудандық орталық емханасы;
Батыс Қазақстан облысы - Зеленов ауданының Дарьинск селосында 50 төсектік туберкулез ауруханасы және Ақжайық ауданының Чапаев селосында 50 төсектік туберкулез ауруханасы;
Жамбыл облысы - Мойынқұм ауданының Мойынқұм ауылында 40 төсектік туберкулез ауруханасы және Рысқұлов ауданының Құлан ауылында 40 төсектік туберкулез диспансері;
Қостанай облысы - Қостанай ауданының Затобол кентінде 100 төсектік туберкулез ауруханасы;
Қызылорда облысы - Жаңақорған кентінде 190 төсектік аудандық орталық аурухана және Арал қаласында ауысымда 300 адам қабылдайтын емхана;
Маңғыстау облысы - Қарақиян ауданының Жетібай ауылында 100 төсектік Жетібай аудандық ауруханасы;
Оңтүстік Қазақстан облысы - Сайрам ауданының Ақсу кентінде 80 төсектік туберкулез ауруханасы және Отырар ауданының Шәуілдір ауылында 50 төсектік туберкулез ауруханасы;
Астана қаласы - Орынбор көшесінде орналасқан амбулаториялық-емханалық кешен ( ауысымда 350 адам қабылдайтын ересектер емханасы, ауысымда 150 адам қабылдайтын балалар емханасы), Оңтүстік-Шығыс ауданында амбулаториялық-емханалық кешен (ауысымда 350 адам қабылдайтын ересектер емханасы, ауысымда 150 адам қабылдайтын балалар емханасы).
Түпкі нәтиже: жергілікті деңгейде медициналық көмекке қол жетімділікті қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 2007 жылы іске қосуға көзделіп отырған амбулаториялық-емханалық корпусының жұмыс істеуіне жұмсалатын орташа шығыстар - 55906,0 мың теңге, туберкулез ұйымдарының - 13619,3 мың теңге, орталық аудандық аурухананың - 5279,4 мың теңге және емхананың - 1460,9 мың теңге.
Уақтылығы: әкімнің шешіміне сәйкес іске қосу.
Сапасы: аталған өңірдегі халыққа көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасын ұлғайту.
Ескертпе:

*) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен түсетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
316-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 028 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 7598597 мың теңге (жеті миллиард бес жүз тоқсан сегіз миллион бес жүз тоқсан жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 26-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 4 маусымдағы 2003 жылғы Заңы ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың кезек күттірмейтін шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысы ; "Халықты жұқпалы ауруларға қарсы вакцинациялауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 488 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы ; "Азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қазандағы N 962 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың денсаулығын нығайту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : халықты вакциналармен және басқа да медициналық иммундық-биологиялық, туберкулезге қарсы, сусамырға қарсы препараттармен және онкологиялық және онкогематологиялық науқастарды емдеуге арналған химиялық препараттармен, бүйрек қызметінің жетіспеушілігі бар науқастарға арналған шығыс материалдары бар диализаторлармен және бүйрегі ауыстырылып қондырылғаннан кейін науқастарға арналған дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету; халықтың вакциналауды жұқпалы аурулармен аурушаңдығының алдын алу және азайту, туберкулез ауруы көрсеткіштерін тұрақтандыру мен төмендету; онкологиялық және онкогематологиялық сырқаттардың өмір сүру ұзақтығын және айығуын арттыру және өлім-жітім көрсеткішін азайту; сусамырмен ауыратындардың асқынуларын, мүгедектігі мен қайтыс болу санын азайту; гемодиализ жүргізу жолымен созылмалы бүйрек кемістігі бар науқастардың өмірін ұзарту және операция алдында дайындау; бүйрек кемістігі бар науқастарда ауыстырып қондырылған бүйректің сәйкес келмеуінің алдын алу және толық ремиссияның (айығу) жиілігін арттыру, АҚТҚ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын балаларды вирусқа қарсы профилактикалық емдеумен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 028 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | | | |
| 2 | | 100 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қаласының бюджеттеріне халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару.<br>Халыққа иммундық алдын алу жүргізу үшін денсаулық сақтау ұйымдарын вакциналармен және басқа иммундық-биологиялық препараттармен қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br>Облыстардың, Астана және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Алматы қалаларының әкімдері |
| 3 | | 101 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне туберкулезге қарсы препараттарды сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы трансферттерді аудару. Туберкулезбен ауыратын сырқаттар үшін туберкулезге қарсы препараттарды, оның ішінде туберкулездің мультирезистентті нысанын емдеу үшін және диспансерлік топтағы (виражды, гиперсезімталды, байланысты) балаларды химиялық алдын алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 4 | | 102 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне диабетке қарсы препараттарды сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы трансферттерді аудару. Сусамырға қарсы препараттарды, жеткізу құралдарын сатып алуға және олармен сусамырмен ауыратындарды қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 5 | | 103 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне онкологиялық ауруларға химиялық препараттарды сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы трансферттерді аудару. Онкологиялық науқастарды емдеуге арналған химиялық препараттарды сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 6 | | 104 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бүйрегі жетімсіз ауруларға | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджетке, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дәрілік заттарды, диализаторларды, шығыс материалдарының және бүйрегі трансплантацияланғаннан кейінгі аурулар үшін дәрілік заттар сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер | трансферттерді аудару. Бүйрек қызметінің жетіспеушілігі бар науқастар үшін шығыс материалдарымен диализаторларды, жиынтық және иммундық-супрессивтік препараттарды сатып алуға, сондай-ақ бүйректі ауыстырып қондыру операциясы жасалған науқастарды иммундық-супрессивтік препараттармен қамтамасыз ету. | | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 7 | | 105 | Лейкемиямен ауыратын балалар үшін дәрілік заттарды сатып алуға Қарағанды облысының облыстық бюджетіне ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қарағанды облысының бюджетіне нысаналы трансферттерді аудару. Лейкемиямен ауыратын балалар үшін дәрілік заттарды сатып алу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Қарағанды облысының әкімі |
| 8 | | 106 | Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджетіне ВИЧ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауырған балаларды емдеу үшін дәрілік заттар сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне АҚТҚ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын балаларды емдеу үшін дәрілік заттарды сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер аудару. Оңтүстік Қазақстан облысында АҚТҚ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын балаларды дәрілік заттармен қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 18 жасқа дейінгі балалар мен ересек адамдардың жекелеген санаттарын вакциналауды қамтуды 95%-ға жеткізу; болжамды түрде 4 742 940 адамды вакциналау үшін вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды, 50 351 науқас үшін туберкулезге қарсы препараттарды және 159 893 жасөспірімдер мен балаларға химиялық профилактика жүргізуге; 32 725 инсулинге тәуелді сусамырмен ауыратындарға сусамырға қарсы препараттарды; 6278 онкологиялық науқастар үшін химиялық препараттарды, жіті және созылмалы бүйрек кемістігі бар 1 002 науқас үшін дәрі-дәрмектерді, диализаторлар мен шығыс материалдарын және бүйректі ауыстырып қондырғаннан кейін 203 науқас үшін дәрі-дәрмектерді сатып алуға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттерді уақтылы аудару, Қарағанды қаласы облыстық балалар

ауруханасы онкогематологиялық бөлімшесінде ем алатын лейкемиямен ауыратын 15 бала үшін дәрілік заттарды сатып алу, бұл аталған ауру кезінде балалардың оңалуын арттырып, өлім-жітімді азайта отырып, емдеудің болжамын өзгертуге ықпал етеді, Оңтүстік Қазақстан облысындағы АҚТҚ жұқтырған 100 баланы емдеу ағымдағы нысаналы трансферттерді уақытылы аудару.

Түпкі нәтиже: вакцинамен басқарылатын ауруларды азайту, туберкулезбен, сусамырмен, жіті және созылмалы бүйрек кемістігі бар науқастардың асқынуларын, мүгедектігі мен қайтыс болуын азайту; онкологиялық және онкогематологиялық аурулармен ауыратындардың өмірін ұзарту, АҚТҚ жұқтырылған және ЖҚТБ-мен ауыратын балалардың денсаулығын қолдау және өлім-жітімінің алдын алу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға жұмсалатын орташа шығыстар 1 вакцина жасауға - 0,2 мың теңгені; 1 науқасты емдеуге арналған дәрілік препараттарды сатып алуға жұмсалатын орташа шығыстар: туберкулезге қарсы - 23,6 мың теңгені, химиялық профилактика жүргізуге - 0,09 мың теңге; инсулинге - 53,9 мың теңге; химиялық препараттарға - 279,8 мың теңгені; жіті және созылмалы бүйрек кемістігі бар науқастар үшін дәрі-дәрмектерді, диализаторлар мен шығыс материалдарын - 742,5 және бүйректі ауыстырып қондырғаннан кейін науқастар үшін дәрі-дәрмектерді сатып алуға орташа шығыстар - 1 713,6 мың теңгені құрайды.

Қарағанды қаласының облыстық балалар ауруханасының онкогематологиялық бөлімшесінде ем алатын лейкемиямен ауыратын балалар үшін дәрілік заттарды сатып алуға жұмсалатын орташа шығыстар - 1 088 мың теңгені құрайды, АҚТҚ жұқтырған бір баланы емдеуге жұмсалатын орташа шығыстарды 1078,5 мың теңге құрайды.

Сапасы: негізделген шағымдардың болмауы.

Ескерту: *) республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру, сандық және сапалық көрсеткіштер жөніндегі іс-шаралардың тізбесі тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
317-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық санитарлық-эпидемиологиялық орталықтардың материалдық-техникалық базасын

нығайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 029 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1805710 мың теңге (бір миллиард сегіз жүз бес миллион жеті жүз он мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : зертханалық зерттеулер жүргізудің сапасын арттыру, халықтың денсаулық жағдайы мен қоршаған орта факторлары әсерінің арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды айқындау, қазіргі заманғы зерттеу стандарттарын енгізу мен пайдалануға негізделген сапалы жаңа санитарлық эпидемиологиялық сараптау деңгейіне көшу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 029 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық санитарлық-эпидемиологиялық орталықтардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге нысаналы ағымдағы трансферттер аудару.<br>Астана мен Алматы қалаларының және Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br>Астана мен Алматы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Оңтүстік Қазақстан облыстарының 36 ауданының санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарын жаңғырту | | қалаларының және Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге Астана мен Алматы қалаларының және Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының 36 ауданының санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарын жарақтандыруға нысаналы ағымдағы трансферттер аудару.
Түпкі нәтиже: Астана мен Алматы қалаларының және Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының 36 ауданының санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының материалдық-техникалық базасын нығайту, кемінде 2082 бірлік медициналық (диагностикалық және зертханалық) жабдық және 36 бірлік санитарлық автокөлік сатып алу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: жабдық бірлігінің және санитарлық автокөліктің орташа құны - 852,5 мың теңге.
Сапасы: Астана мен Алматы қалаларының және Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының 36 ауданының санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының медициналық (диагностикалық және зертханалық) жабдықпен жарақтандырудың ең аз нормативіне сәйкес қамтамасыз етілуі.
*) Ескертпе:
Республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың тізбесі, сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
318-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастапқы медициналық санитарлық көмектің медициналық ұйымдарын штаттық нормативтерге сәйкес медициналық кадрлармен жасақтауға және жалпы практикадағы дәрігерлердің жүйесін дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"

деген 030 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 4 997 571 мың теңге (төрт миллиард тоғыз жүз тоқсан жеті миллион бес жүз жетпіс бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 17, 21, 48-баптары ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы шілдедегі Заңының 10-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының халқына бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1304 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : бастапқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмекті жақсарту, Қазақстан Республикасының халқына бастапқы медициналық-санитарлық көмек (бұдан әрі - БМСК) деңгейінде көрсетілетін медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : БМСК-ның медициналық ұйымдарын медицина штат нормативтеріне сәйкес медицина кадрларымен толықтыру және жалпы практика дәрігерлері жүйесін дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 030 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастапқы медициналық санитарлық көмектің | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде облыстық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | медициналық ұйымдарын штаттық нормативтерге сәйкес медициналық кадрлармен жасақтауға және жалпы практикадағы дәрігерлердің жүйесін дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер аудару. Бастапқы медициналық-санитарлық көмектің медициналық ұйымдарын штаттық нормативтерге сәйкес бейінді мамандармен толықтыру және жалпы практика дәрігерлері жүйесін дамыту. | | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: БМСК және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін ұйымдарды бейінді мамандармен толықтыру және жинақтау (2548,2 бірлік).
Түпкі нәтиже: халықтың БМСК-ге қолжетімділігін қамтамасыз ету, халыққа БМСК деңгейінде халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру және жалпы практика дәрігері жүйесін дамыту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: дәрігердің бір штат бірлігін толықтыру мен жинақтауға жұмсалатын орташа шығыстар - 337,0 мың теңге.
Уақтылығы: әкімдіктің шешіміне сәйкес.
Сапасы: БМСК және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін ұйымдардың қызметінің тиімділігін арттыру.
Ескерту:
*) Республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың тізбесі, сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
319-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне құрылатын ақпараттық-талдамалық орталықтардың қызметін қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 031 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 41447 мың теңге (қырық бір миллион төрт жүз қырық жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін

реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулық сақтау саласында ақпараттық жүйелерді енгізу және ілестіру үшін өңірлік институттардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде құрылған ақпараттық-талдамалық орталықтардың қызметін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 031 | | Облыстық бюджеттерге , Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне құрылатын ақпараттық-талдамалық орталықтардың қызметін қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару<br>Ашылған 14 ақпараттық-талдау орталығының қызметін қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау , Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне құрылған 14 ақпараттық-талдамалық орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару.
Түпкі нәтиже: құрылған 14 ақпараттық-талдамалық орталықтың денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесін бағдарламалық-техникалық ілеспесі бойынша жұмыс істеуін

қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір ақпараттық-талдау орталығына жұмсалатын орташа шығын 2961 мың теңге.
Уақтылығы: құрылған ақпараттық-талдамалық орталықтардың қызметкерлеріне ай сайын еңбекақы төлеу.
Сапасы: құрылған ақпараттық-талдамалық орталықтардың қызметкерлерінің сапалы қызметінің дәлелділігін қамтамасыз ету.*
*) Ескертпе: Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
320-ҚОСЫМША

*Ескерту. 320-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері"
деген 032 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 956154 мың теңге (тоғыз жүз елу алты миллион бір жүз елу төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 23-бабы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Алматы облысы мен Алматы қаласы денсаулық сақтау объектілерінің сейсмикалық орнықтылығын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Алматы облысының және Алматы қаласының жекелеген денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық нығайту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N p/c | Бағдарлама коды | | | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 032 | | Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері | "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына тізбе бойынша және сомалар шегінде денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық нығайту үшін Алматы облысының бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне нысаналы даму трансферттерін аудару. Денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық нығайтуды жүргізу "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысына 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша және сомалар шегінде денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық нығайту үшін Алматы облысының бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне нысаналы даму трансферттерін аудару. Денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық нығайтуды жүргізу. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Алматы облысының және Алматы қаласының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Алматы облысы мен Алматы қаласының денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық нығайтуды жүргізу.
Түпкілікті нәтиже: Алматы облысы мен Алматы қаласының денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық нығайтуды арттыру.
Уақтылылығы: қызметтерді берушілермен жасалған шарттарға сәйкес сеймикалық нығайту бойынша көлемді орындау.

Сапа: Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық нығайту.
Е с к е р т у :
*) Объектілердің тізбесі "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 1204 қаулысына 3-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес іс-шаралар күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
321-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерді сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 033 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 11489 мың теңге (он бір миллион төрт жүз сексен тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 қазандағы N 176-III Заңы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : АҚТҚ/ЖҚТБ және ЖҚТБ индикаторлы ауруларын диагностикалауды жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : АҚТҚ инфекциясын және ЖҚТБ индикаторлы ауруларын эпидемиологиялық қадағалау технологиясына халықаралық стандарттарды енгізу жолымен АҚТҚ инфекциясын және ЖҚТБ индикаторлы

ауруларын (вирусты С гепатиті, мерез) зертханалық зерттеулердің сапасын арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 033 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерді сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер аудару АҚТҚ және ЖҚТБ индикаторлы ауруларын (вирусты С гепатиті, мерез) зерттеуге арналған диагностикалық тест-жүйелерді сатып алу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: АҚТҚ және ЖҚТБ индикаторлы ауруларын зерттеуге арналған дигностикалық тест-жүйелердің кемінде 896 жинағын сатып алу.
Түпкі нәтиже: АҚТҚ инфекциясын және ЖҚТБ индикаторлы ауруларын эпидемиологиялық қадағалаудың қазіргі заманғы стандарттарын енгізу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: диагностикалық тест-жүйелердің 1 жинағын сатып алуға жұмсалатын орташа шығындар 12,8 мың теңге.
Сапасы: халықаралық стандарттарға сәйкес АҚТҚ инфекциясын және ЖҚТБ индикаторлы ауруларын зерттеуді жүргізу.
*) Ескерту:
Республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде іске асыру жөніндегі іс-шаралардың тізбесі, күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
322-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне амбулаториялық емдеу деңгейіндегі 5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 035 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 596614 мың теңге (бес жүз тоқсан алты миллион алты жүз он төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 25, 26-баптары ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 13-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы ; "Азаматтардың дәрілік заттармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қазан N 962 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : балалардың денсаулығын нығайту, балалар өлімінің деңгейін төмендету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 5 жасқа дейінгі балаларды амбулаториялық емдеу деңгейінде уақтылы тегін дәрілік қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 035 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне амбулаториялық | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | емдеу деңгейіндегі 5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер аудару. 5 жасқа дейінгі балаларды емдеудің амбулаториялық деңгейінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету. | | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: амбулаториялық емдеудегі 1 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды уақытында тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (балалардың орташа жылдық саны - 623 595).
Түпкі нәтиже: 5 жасқа дейінгі балаларды дәрілік препараттармен тегін қамтамасыз ету есебінен балалардың өлім-жітімін төмендету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір жағдайды амбулаториялық емдеу кезіндегі дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған орташа шығыстар 957 теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: негізделген шағымдардың болмауы.
Ескерту:
*) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен түсетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
323-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жүкті әйелдерді құрамында темір және йод бар препараттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 036 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 665733 мың теңге (алты жүз алпыс бес миллион жеті жүз отыз үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан

Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы; "Азаматтардың дәрілік заттармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қазан N 962 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : организмдегі темір және йод тапшылығына байланысты жүкті әйелдердің денсаулығын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жүкті әйелдерді құрамында темір мен йод бар препараттармен уақытында тегін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 036 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жүкті әйелдерді құрамында темір және йод бар препараттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне амбулаториялық емдеу деңгейінде жүкті әйелдер үшін құрамында темір мен йод бар препараттарды сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер аудару. Амбулаториялық емдеу деңгейінде жүкті әйелдер үшін құрамында темір мен йод бар препараттарды сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: амбулаториялық деңгейде жүкті әйелдерді құрамында темір мен йод бар препараттармен тегін қамтамасыз етуге уақытында нысаналы трансферттер аудару (жүкті әйелдердің орташа жылдық саны - 300 171).
Түпкі нәтиже: жүктілік пен босану асқынуларын төмендету, жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің аурушаңдығын төмендету, ана және перинаталдық өлімді төмендету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір жүкті әйелді құрамында темір мен йод бар препараттармен қамтамасыз етуге орташа шығыстар - 2, 2 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: негіздемелеген шағымдардың болмауы.
Ескерту:
*) Республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру, сандық және сапалық көрсеткіштер жөніндегі іс-шаралардың тізбесі жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
324-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтардың жекелеген санаттарын алдын ала медициналық тексеруді жүзеге асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 037 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3 848 767 мың теңге (үш миллиард сегіз жүз қырық сегіз миллион жеті жүз алпыс жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 7-бабы ; " Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 12 және 13-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің"Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің"Қазақстан Республикасының

денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005- 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы ; "Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : аурушаңдықты, балалар мен ұрпақты болу жасындағы әйелдердің мүгедектігін төмендету және дені сау ұрпақты туу үшін жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жыл сайын медициналық алдын алу тексерулерін жүргізу арқылы балалар мен ұрпақты болу жасындағы әйелдердің ауруларын ерте диагностикалау мен алдын алу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 037 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтардың жекелеген санаттарын алдын ала медициналық тексеруді жүзеге асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған - мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер аудару. Азаматтардың жекелеген санаттарын профилактикалық медициналық тексеру жүргізу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 18 жасқа дейінгі декреттелген жастағы балалар мен ұрпақты болу

жасындағы әйелдерді кейіннен динамикалық бақылау мен сауықтыру жүргізу арқылы алдын алу медициналық тексерулерін жүзеге асыру (медициналық тексеруге жататын балалардың орташа жылдық саны - 4 334 863, әйелдер - 4 277 339).
Түпкі нәтиже: алдын алу тексерулері кезінде анықталған патологияларды ерте диагностикалау мен емдеудің есебінен балалар мен ұрпақты болу жасындағы әйелдердің аурушаңдығын, мүгедектігі мен қайтыс болуын төмендету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: баланы алдын алу тексеруін жүргізуге орташа шығыстар - 0,4 мың теңге, әйелдер - 0,5 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шартқа сәйкес.
Сапасы: 18 жасқа дейінгі декреттелген жастағы балалар мен ұрпақты болу жасындағы әйелдерді алдын алу тексерулерімен барынша толық қамту.
Ескерту:
*республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру, сандық және сапалық көрсеткіштер жөніндегі іс-шаралардың тізбесі жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті паспортында көрсетіледі.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
325-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтаудың медициналық, ұйымдарын жергілікті деңгейде материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 038 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 16519387 мың теңге (он алты миллиард бес жүз он тоғыз миллион үш жүз сексен жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 8 , 9-баптары ; "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 9 , 10-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын " жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ;

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : сапалы медициналық көмек көрсету үшін жағдай жасау мақсатында денсаулық сақтаудың инфрақұрылымын дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жергілікті деңгейде медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 038 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарын жергілікті деңгейде материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер аудару. Нормативтерге сәйкес бастапқы медициналық-санитарлық көмек ауылдық, қалалық мемлекеттік ұйымдарын, оның ішінде ауылдық және қалалық дәрігерлік амбулаторияларды, ауылдық жерлердегі емханаларды, қалалық емханаларды, жедел және шұғыл медициналық көмек қызметін медициналық жабдықтармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен, жедел және шұғыл медициналық көмек қызметін санитарлық автокөлікпен жарақтандыру; балалар және босандыру ұйымдарын жарақтандыру, медициналық-генетикалық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі<br><br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұйымдарды (кабинеттерді) жарақтандыру, аудандық, қалалық және облыстық ауруханаларды жарақтандыру, онкологиялық ұйымдар үшін сәулелік терапия аппараттарын, рентгендік стимуляторларды сатып алу. 6 облысты. кардиологиялық орталықтарды жарақтандыру. | | Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарын әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: жергілікті деңгейде медициналық ұйымдарды медициналық жабдықтармен жабдықтауға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді уақытында аудару.
Түпкі нәтиже: медициналық ұйымдардың медициналық жабдықтармен жарақталуын ең төменгі нормативтерге кезең-кезеңмен жеткізу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: материалдық - техникалық жарақтандыруға жұмсалатын орташа шығыстар -032 461,7 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жергілікті деңгейде нығайту.
Ескерту:* республикалық бюджеттің трансферттерін игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын іске асыру, сандық және сапалық көрсеткіштер жөніндегі іс-шаралардың тізбесі тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
326-ҚОСЫМША

**<u>226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау </u>министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орта кәсіптік білім беру ұйымдарына оқыту құнын

ұлғайту және қосымша қабылдау бойынша шығыстарды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 039 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 114369 мың теңге (бір жүз он төрт миллион үш жүз алпыс тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 24, 43, 44-баптары ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 18, 48-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : денсаулық сақтау саласын орта медициналық және фармацевтикалық білім бар білікті мамандармен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандар даярлауды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 039 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орта кәсіптік білім беру ұйымдарына оқыту құнын ұлғайту және қосымша қабылдау бойынша шығыстарды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы трансферттер аудару. Медицина колледжеріне мемлекеттік тапсырыс бойынша оқу құнының өсуіне, сондай-ақ әрбір облыс пен Алматы және Астана қалалары үшін 19 адамнан қабылдаудың өсуіне | Ай сайын<br><br>Ай сайын | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қалаларының әкімдері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | байланысты шығыстарды төлеуді қамтамасыз ету. | | Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: 7894 орташа жылдық арналған оқу құнының өсуіне және жергілікті деңгейдегі медицина колледждеріне қабылдаудың өсуіне байланысты шығыстарды жабу, оның ішінде: Ақмола - 343. Ақтөбе - 452, Алматы -275, Атырау - 324, Шығыс Қазақстан - 652, Жамбыл -709, Батыс Қазақстан - 457, Қарағанды - 376, Қостанай - 425, Қызылорда - 574, Маңғыстау - 292, Павлодар - 401, Солтүстік Қазақстан - 213, Оңтүстік Қазақстан - 1306, Алматы қаласы бойынша - 442 және Астана қаласы бойынша - 653.
Түпкі нәтиже: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандар даярлау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын 1 білім алушыны даярлауға жұмсалатын орташа шығысты республикалық орта деңгейіне дейін жеткізу - жылына 125,6 мың теңге.
Уақтылығы: денсаулық сақтау саласының орта медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандарының күтілетін бітірушілер саны кемінде 2000 адам.
Сапасы: медицина колледжін "жақсы" және "үздік" деген үлгеріммен бітірген кәсіптік білімді бітірушілердің күтілетін үлесі орташа есеппен алғанда 78 пайыз.
Ескерту:
*) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелер сипатталатын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
327-ҚОСЫМША

**<u>226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау</u> министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медицина кадрларын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 040 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 247114 мың теңге (екі жүз қырық жеті миллион бір жүз он төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 8 , 27, 35, 43, 44-баптары ; "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 18, 48, 51-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ;» Қазақстан Республикасында "ЖҚТБ індетіне қарсы іс-қимыл жөніндегі 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халыққа медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : саланы жоғары білікті және бәсекеге қабілетті бастапқы медициналық-санитарлық көмек мамандарымен және денсаулық сақтау саласындағы менеджерлермен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 040 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медицина кадрларын , сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер аудару Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | реформалау мен дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын медицина кадрларының және денсаулық сақтау, ресурстарды басқару және саланы қаржыландыру саласында менеджерлерінің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз ету. Мамандарды оқыту мерзімі 1 айдан 10 айға дейін. | | Облыстық, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: орта есеппен 727 жалпы практика дәрігерінің және денсаулық сақтау саласындағы менеджмент бойынша 573 маманның біліктілігін арттыру және қайта даярлау, тиісінше, облыстар бойынша мыналардан кем емес: Ақмола 49 және 44; Ақтөбе 60 және 7; Алматы 69 және 38; Атырау 35 және 41; Шығыс Қазақстан 37 және 26; Жамбыл 41 және 44; Батыс Қазақстан 41 және 45; Қарағанды 88 және 44; Қостанай 10 және 44; Қызылорда 49 және 44; Маңғыстау 47 және 40; Павлодар 53 және 11; Солтүстік Қазақстан 25 және 26; Оңтүстік Қазақстан 49 және 44; Алматы қаласы бойынша 41 және 31, Астана қаласы бойынша 33 және 44.
Түпкі нәтиже: денсаулық сақтау саласын жалпы практика дәрігерлерімен және денсаулық сақтау менеджерлерімен қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бастапқы медициналық-санитарлық көмектің 1 маманының біліктігін арттыруға жұмсалатын облыстар және Астана қаласы бойынша орташа шығыс - 80, 9 мың теңге, қайта даярлауға - 536,5 мың теңге, денсаулық сақтау саласындағы 1 менеджердің біліктігін арттыруға жұмсалатын облыстар және Астана қаласы бойынша орташа шығыс - 81, 0 мың теңге, қайта даярлауға - 755,0 мың теңге, бастапқы медициналық-санитарлық көмектің 1 маманының біліктілігін арттыруға жұмсалатын Алматы қаласы бойынша орташа шығыс - 22,1 мың теңге, қайта даярлауға - 214,3 мың теңге, денсаулық сақтау саласындағы 1 менеджердің біліктілігін арттыруға жұмсалатын Алматы қаласы бойынша орташа шығыс - 22,1 мың теңге, қайта даярлауға - 221,4 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде халыққа медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсарту және денсаулық сақтау саласын басқаруды жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
328-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде қан орталығын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 041 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1121700 мың теңге (бір миллиард бір жүз жиырма бір миллион жеті жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңының 5 , 6 , 8-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің" Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті деңгейдегі медициналық ұйымдары үшін дайындалатын қан мен оның компоненттерінің қауіпсіздігін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға ағымдағы нысаналы трансферттер аудару.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 041 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде қан орталығын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық, Астана және Алматы қалаларының қан орталықтарын материалдық-техникалық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жарақтандыруға ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес жергілікті деңгейдегі қан орталықтары үшін қанды, оның компоненттерін және препараттарды карантиндеу үшін жабдықтар сатып алу | | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: облыстық және қалалық қан орталықтарына кем дегенде 184 бірлік жабдық сатып алу.
Түпкі нәтиже: жергілікті деңгейдегі медициналық ұйымдарды қанмен, оның компоненттерімен және препараттармен қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: шығыс материалдарын есепке ала отырып, сатып алынған бір бірлік жабдықтың орташа құны - 6096,1 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: жергілікті деңгейде дайындалатын қанның сапасын жақсарту. Ескерту:
*) Іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, республикалық бюджеттен трансферттерді игеру шеңберінде күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
329-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетінің алдын алу және қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 045 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 250600 мың теңге (екі жүз елу миллион алты жүз мың теңге).
**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "АҚТҚ инфекциясының және ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 қазандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығы

; "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 1050 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : АҚТҚ/ЖҚТБ-ның қарқынын бәсеңдету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : АҚТҚ инфекциясының алдын алу, АҚТҚ /ЖҚТБ-ның алдын алу саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың желісін кеңейтуге жағдай жасау, халықтың АҚТҚ/ЖҚТБ туралы ақпараттық - білім беру материалдарына қол жеткізуін қамтамасыз ету, халықтың әлжуас топтары арасында зияндылықты азайту бағдарламасын іске асыру үшін медициналық ұйымдарын және ұтқыр сенім пункттерінен тыс орналасқан стационарлық сенім пункттерінің желісін кеңейту, халықтың әлжуас топтарындағы жыныстық жолмен берілетін жұқпалы ауруларды диагностикалау мен емдеуге қол жеткізуін қамтамасыз ету, жүкті әйелдер арасында АҚТҚ-инфекциясын жедел диагностикалауды; АҚТҚ жұқтырған жүкті әйелдер және нәрестелерді алдын алу вирусқа қарсы емдеумен, халықтың байланыста кейін АҚТҚ бар ересектер мен балалардағы оппортунистік аурулардың, антиретровирустық алуды қамтамасыз ету, туберкулезді химиялық алдын алуды енгізуді қамтамасыз ету, АҚТҚ мен өмір сүретін адамдардың антиретровирустік аралас емге және ұсынылған дәрілік препараттардың ассортиментіне қол жеткізуін қамтамасыз ету, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстық ЖҚТБ орталықтарын ем тағайындау және оның тиімділігінің мониторингі кезінде вирустық жүктемені анықтауға арналған жабдықтармен толықтыру, АҚТҚ бар адамдарды әлеуметтік қолдау жөніндегі жобаларды енгізу, АҚТҚ/ЖҚТБ-ны шолғыншы эпидемиологиялық қадағалауды жүргізу, Қарағанды, Павлодар, Орал, Шымкент, Алматы қалаларының тірек базаларындағы шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау нәтижелері бойынша қанның құрғақ тамшысының теріс үлгілерінің 10 % верификациясын қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 045 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне Қазақстан Республикасында | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне АҚТҚ инфекциясы таралуының алдын алу жөніндегі індетке қарсы және | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ЖҚТБ індетінің алдын алу және қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | профилактикалық іс-шараларды өткізуге ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару. АҚТҚ инфекциясын шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу. АҚТҚ жұқтырған жүкті әйелдер мен жас нәрестелерді алдын ала вирусқа қарсы емдеумен, халықтың байланыста кейін АҚТҚ бар ересектер мен балалардағы қайталама, оппортунистік аурулардың антиретровирустық, химиялық алдын алуға жеткізуін, АҚТҚ-сы бар адамдағы туберкулезді химиялық алдын алуды енгізуді қамтамасыз ету, АҚТҚ инфекциясы бар адамдардың антиретровирустік аралас емге қол жеткізуін және дәрілік препараттардың ассортиментімен , АҚТҚ инфекциясы бар адамдардың антиретровирустік аралас емге қол жеткізуін және дәрілік препараттардың ассортиментімен қамтамасыз ету.<br><br>Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Тізбеге сәйкес медициналық ( диагностикалық және зертханалық) жабдықтар сатып алу. | | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: "Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламаны" 2007 жылға арналған іс-шараларды іске асыру үшін ағымдағы нысаналы трансферттерді уақтылы аудару.
Түпкі нәтиже: АҚТҚ инфекциясының таралуын оның генерализденген сатыға ауысуына жол бермей, шоғырланған сатыда тұрақтандыру, АҚТҚ/ЖҚТБ өмір сүруші адамдар арасында өлім-жітімді азайту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір шараны іске асыруға жұмсалатын орташа шығыс - 16706,6 мың теңге.
Уақтылығы: бекітілген жоспарға сәйкес індетке қарсы (алдын алу) іс-шараларды орындау.
Сапасы: халықтың АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша хабардар болу деңгейін көтеру және халықтың әлжуаз топтары арасында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, толыққанды тиімді антиретровирустық ем, оппортунистік аурулардың алдын алу.

*) Ескерту:
Республикалық бюджеттен берілетін трансферттерді игеру шеңберінде іске асыру жөніндегі іс-шаралардың тізімі, күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
330-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес"
деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 7740 мың теңге (жеті миллион жеті жүз қырық мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрестің 2006-2014 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы" 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығы ,«"Қазақстан Республикасында нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрестің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 240 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорларды жария айналымнан жасырын айналымға ауысуына жол бермеу арқылы нашақорлықты алдын алу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : денсаулық сақтау жүйесінде есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мамандар үшін оқу семинарларын өткізу және оларға анықтамалықтар тарату.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 104 | | Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес | Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Денсаулық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | заттардың пайдаланылуы мен сатылуын бақылауды жүзеге асыру бойынша оқу семинарын өткізу қызметіне ақы төлеу. | | сақтау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салауатты иммунитетін қалыптастыру.
Түпкі нәтиже: денсаулық сақтау жүйесіндегі есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы құқық бұзушылықтарды төмендету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: республикалық бюджет қаражатын тиімді жұмсау.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы құқық бұзушылықтарды төмендету, соған сәйкес құқық бұзушылықтарға тосқауыл қоюға және нашақорлықты емдеуге арналған бюджет қаражатын бөлуді тиісінше қысқарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
331-ҚОСЫМША

**226 - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту" деген 116 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 111270 мың теңге (бір жүз он бір миллион екі жүз жетпіс мың теңге).
**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында "электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында " электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1286 қаулысы .
**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.
**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы халқының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы медициналық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : денсаулық сақтаудың ақпараттық-танымдық порталын құру; медициналық тақырыпты порталда орналастыру және оны ұсыну.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 116 | | Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту | Жобаның техникалық міндетін әзірлеу. Техникалық құралдарды сатып алу. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. Денсаулық сақтау саласында ақпараттық-танымдық веб-порталын құру, орналастыру және жаңғырту | Қаңтар -маусым<br>Қыркүйек-қараша<br>Қыркүйек-қараша<br>Шілде-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Қазақстан Республикасы халқының денсаулық сақтау саласында ақпараттық-танымдық веб-порталын құру есебінің қол жеткізуін қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК